



РЕСМИ ВОЛЕЙБОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ 2025-2028

2024 жылғы 39-шы FIVB Дүниежүзілік Конгресінде бекітілді

FIVB РЕСМИ ВОЛЕЙБОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ 2025–2028

Ағылшын тілінен аударған:

Мұқан Мағауия

Басылымның жарық көруіне қолдау көрсеткен және бастамашы болған: **STORMZ VOLLEYBALL академиясы**

Жобаның жұмыс тобы:

Алякбаров Досбол – бапкер

Меңдіханұлы Райымбек – директор

Естайұлы Нұрәли – менеджер

Байланыс нөмірі: +7 (778) 625-89-84

РЕСМИ ВОЛЕЙБОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ 2025–2028

FIVB 2025 жылы басып шығарды – www.fivb.com

Дизайнын, безендіруін, суретін істеген – © FIVB 2025



РЕСМИ ВОЛЕЙБОЛ ЕРЕЖЕЛЕРІ 2025-2028

2024 жылғы 39-шы FIVB Дүниежүзілік Конгресінде
мақұлданған

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жарысқа енгізілді

МАЗМҰНЫ

ОЙЫННЫҢ СИПАТТАМАСЫ	7
1-БӨЛІМ: ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ТӨРЕЛІК ЕТУ ФИЛОСОФИЯСЫ	8
2-БӨЛІМ: 1-БӨЛІК: ОЙЫН	11
1-ТАРАУ: ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР	12
1 ОЙЫН АЛАҢЫ	12
1.1 ӨЛШЕМДЕРІ	12
1.2 ОЙЫН БЕТІ	12
1.3 АЛАҢДАҒЫ СЫЗЫҚТАР	13
1.4 АЙМАҚТАР МЕН ОРЫНДАР	13
1.5 ТЕМПЕРАТУРА	14
1.6 ЖАРЫҚТАНДЫРУ	14
2 ТОР ЖӘНЕ БАҒАНАЛАР	14
2.1 ТОРДЫҢ БИІКТІГІ	14
2.2 ҚҰРЫЛЫМЫ	15
2.3 БҮЙІР ЖОЛАҚТАР	15
2.4 АНТЕННАЛАР	15
2.5 БАҒАНАЛАР	15
2.6 ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР	16
3 ДОПТАР	16
3.1 СТАНДАРТТАР	16
3.2 ДОПТАРДЫҢ БІРКЕЛКІЛІГІ	16
3.3 ДОПТЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ	16
2-ТАРАУ: ҚАТЫСУШЫЛАР	17
4 КОМАНДАЛАР	17
4.1 КОМАНДА ҚҰРАМЫ	17
4.2 КОМАНДАНЫҢ ОРНАЛАСУЫ	18
4.3 ЖАБДЫҚТАР	18
4.4 ЖАБДЫҚТЫҢ ӨЗГЕРУІ	19
4.5 ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР	19
5 КОМАНДА КӨШБАСШЫЛАРЫ	19
5.1 КАПИТАН	19
5.2 БАПКЕР	20
5.3 БАПКЕР КӨМЕКШІСІ	21

3-ТАРАУ: ОЙЫН ФОРМАТЫ **22**

6	ҰПАЙ АЛУ, КЕЗЕҢДІ ЖӘНЕ МАТЧТЫ ЖЕҢУ	22
6.1	ҰПАЙ АЛУ.....	22
6.2	КЕЗЕҢ ЖЕҢУ.....	22
6.3	МАТЧ ЖЕҢУ.....	23
6.4	ОЙЫНҒА КЕЛМЕУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС КОМАНДА	23
7	ОЙЫН ҚҰРЫЛЫМЫ	23
7.1	ЖЕРЕБЕ ТАСТАУ.....	23
7.2	РЕСМИ ҚЫЗДЫРЫНУ	23
7.3	КОМАНДАЛАРДЫҢ БАСТАПҚЫ ҚҰРАМЫ	24
7.4	ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ	25
7.5	ОРНАЛАСУ ҚАТЕСІ	25
7.6	РОТАЦИЯ	26
7.7	РОТАЦИЯ ҚАТЕСІ	26

4-ТАРАУ: ОЙЫН ӘРЕКЕТТЕРІ **27**

8	ОЙЫН ҚАЛЫПТАРЫ	27
8.1	ДОП ОЙЫНДА.....	27
8.2	ДОП ОЙЫННАН ТЫС	27
8.3	ДОП «АЛАҢДА».....	27
8.4	ДОП «АЛАҢНАН ТЫС».....	27
9	ДОППЕН ОЙНАУ ӘРЕКЕТТЕРІ	28
9.1	КОМАНДАНЫҢ ДОПҚА ЖАНАСУЫ.....	28
9.2	ЖАНАСУ СИПАТТАМАСЫ	28
9.3	ДОППЕН ОЙНАУДАҒЫ ҚАТЕЛЕР.....	29
10	ТОРДАҒЫ ДОП	29
10.1	ТОРДЫ КЕСІП ӨТЕТІН ДОП.....	29
10.2	ТОРҒА ТИГЕН ДОП.....	30
10.3	ТОР ІШІНДЕГІ ДОП	30
11	ТОРДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ	30
11.1	ТОР ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ШЫҒУ.....	30
11.2	ТОРДЫҢ АСТЫМЕН ӨТУ	30
11.3	ТОРҒА ТИЮ.....	31
11.4	ТОРДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫНЫҢ ҚАТЕСІ	31
12	ДОП БЕРІС	31
12.1	КЕЗЕҢДЕГІ БІРІНШІ ДОП БЕРІС	31
12.2	ДОП БЕРІС КЕЗЕГІ.....	32
12.3	ДОП БЕРІСКЕ РҰҚСАТ БЕРУ.....	32
12.4	ДОП БЕРІСТІ ОРЫНДАУ	32

12.5	ТОСҚАУЫЛ	32
12.6	ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСУ КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛЕР	33
12.7	ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСУДАҒЫ ЖӘНЕ ПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕР	33
13	ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫ	33
13.1	ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ	33
13.2	ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫНА ШЕКТЕУЛЕР	33
13.3	ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛЕР	34
14	ТОЙТАРУ	34
14.1	СОҚҚЫНЫ ТОЙТАРУ	34
14.2	ТОЙТАРУ КЕЗІНДЕГІ ЖАНАСУ	35
14.3	ҚАРСЫЛАС КЕҢІСТІГІНДЕ ТОЙТАРУ	35
14.4	СОҚҚЫНЫ ТОЙТАРУ ЖӘНЕ ТОПТАЛЫП ДОПҚА ЖАНАСУ	35
14.5	ДОП БЕРІСТІ ТОЙТАРУ	35
14.6	СОҚҚЫНЫ ТОЙТАРУДАҒЫ ҚАТЕЛЕР	35
5-ТАРАУ: ҮЗІЛІС, КІДІРІС, КЕЗЕҢ АРАСЫНДАҒЫ ҮЗІЛІС		36
15	ҮЗІЛІС	36
15.1	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІСТЕР САНЫ	36
15.2	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІСТЕР РЕТТІЛІГІ	36
15.3	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІС СҰРАТУ	36
15.4	ТАЙМ-АУТ	37
15.5	ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ	37
15.6	ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕ	37
15.7	ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДА ОЙЫНШЫ АУЫСТЫР	37
15.8	АЛАҢНАН ҚУЫЛҒАН НЕ ШЕТТЕТІЛГЕН ОЙЫНШЫНЫ АУЫСТЫРУ	38
15.9	ОЙЫНШЫНЫ ЕРЕЖЕГЕ ҚАРСЫ АУЫСТЫРУ	38
15.10	ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ РӘСІМІ	38
15.11	ҚАТЕ СҰРАНЫС	39
16	ОЙЫНДЫ КІДІРУ	39
16.1	КІДІРУ ТҮРЛЕРІ	39
16.2	КІДІРУ ҮШІН ЖАСАЛАТЫН ШАРАЛАР	39
17	ЕРЕЖЕДЕН ТЫС ОЙЫН ҮЗІЛІСТЕРІ	40
17.1	ЖАРАҚАТ / АУРУ	40
17.2	СЫРТҚЫ КЕДЕРГІ	40
17.3	ҰЗАҚҚА СОЗЫЛҒАН ҮЗІЛІСТЕР	40
18	ИНТЕРВАЛ ЖӘНЕ АЛАҢ АУЫСТЫРУ	41
18.1	ИНТЕРВАЛ	41
18.2	АЛАҢ АУЫСТЫРУ	41

5-ТАРАУ: ЛИБЕРО 42

19 ЛИБЕРО	42
19.1 ЛИБЕРОНЫ ТАҒАЙЫНДАУ.....	42
19.2 КИИМ ҮЛГІСІ	42
19.3 ЛИБЕРОНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	42
19.4 ЖАҢА ЛИБЕРОНЫ ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАУ.....	44
19.5 ТҮЙІНДЕМЕ.....	45

7-ТАРАУ: ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІБІ 46

20 ТӘРТІПKE ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР	46
20.1 СПОРТШЫНЫҢ ТӘРТІБІ	46
20.2 ФЕЙР-ПЛЕЙ	46
21 ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРАЛАРЫ	46
21.1 КІШІГІРІМ ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ	46
21.2 ШАРА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ.....	47
21.3 ШАРА ШҚАЛАСЫ.....	47
21.4 ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ.....	48
21.5 КЕЗЕҢДЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АРАСЫНДАҒЫ ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚТАР ..	48
21.6 ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАҒАЗДАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ .	48

2-БӨЛІМ – 2-БӨЛІК: ТӨРЕШІЛЕР, ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ РЕСМИ ҚОЛ ИШАРАЛАРЫ 49

8-ТАРАУ: ТӨРЕШІЛЕР 50

22 ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	50
22.1 ҚҰРАМЫ.....	50
22.2 ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	50
23 БІРІНШІ ТӨРЕШІ	51
23.1 ОРНАЛАСУЫ	51
23.2 ӨКІЛЕТТІЛІГІ	51
23.3 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	52
24 ЕКІНШІ ТӨРЕШІ	53
24.1 ОРНАЛАСУЫ.....	53
24.2 ӨКІЛЕТТІЛІГІ.....	53
24.3 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	54
25 БЕЙНЕ БАҚЫЛАУ ТӨРЕШІСІ	54
25.1 ОРНАЛАСУЫ.....	54
25.2 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	54

26	ҚОСАЛҚЫ ТӨРЕШІ	55
26.1	ОРНАЛАСУЫ	55
26.2	ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	55
27	ХАТШЫ	56
27.1	ОРНАЛАСУЫ	56
27.2	ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	56
28	ХАТШЫНЫҢ КӨМЕКШІСІ	57
28.1	ОРНАЛАСУЫ	57
28.2	ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	57
29	СЫЗЫҚ БОЙЫНДАҒЫ ТӨРЕШІ	58
29.1	ОРНАЛАСУЫ	58
29.2	ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	58
30	РЕСМИ ИШАРАЛАР	59
30.1	ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ҚОЛ ИШАРАЛАРЫ	59
30.2	СЫЗЫҚ БОЙЫНДАҒЫ ТӨРЕШІЛЕРДІҢ ЖАЛАУША ИШАРАЛАРЫ	59

2-БӨЛІМ – 3-БӨЛІК: СЫЗБАЛАР	61
------------------------------------	-----------

D1a	ЖАРЫС АЛАҢЫ / БАҚЫЛАУ АЙМАҒЫ	62
D1b	ОЙЫН АЙМАҒЫ	63
D2	ӨЛШЕМДЕРІ	64
D3	ТОРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	65
D4	ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ	66
D5a	ДОПТЫҢ ТОР ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ӨТІП, ҚАРСЫЛАС АЛАҢЫНА КІРУІ	67
D5b	ДОПТЫҢ ТОРДЫҢ ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ӨТІП, ҚАРСЫЛАСТЫҢ ЕРКІН АЙМАҒЫНА КІРУІ	68
D6	ТОП БОЛЫП ҚАЛҚАЛАУ	69
D7	ТОЛЫҚ ЖАСАЛҒАН ТОЙТАРЫС	69
D8	АРТҚЫ ШЕП ОЙЫНШЫСЫНЫҢ ШАБУЫЛЫ	70
D9	ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ШАРАЛАР ШКАЛАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САЛДАРЫ	71
D9a	ТӨРТИП БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН ШАРАЛАР	71
D9b	КІДІРІС ЖӘНЕ ШАРАЛАР ЕСКЕРТУЛЕРІ	71
D10	ТӨРЕШІЛЕР БРИГАДАСЫ МЕН ОЛАРДЫҢ КӨМЕКШІЛЕРІНИҢ ОРНАЛАСУЫ	72
D11	ТӨРЕШІЛЕРДІҢ РЕСМИ ҚОЛ ИШАРАЛАРЫ	73-79
D12	СЫЗЫҚ БОЙЫНДАҒЫ ТӨРЕШІЛЕРДІҢ РЕСМИ ЖАЛАУША ИШАРАЛАРЫ	80-81

3-БӨЛІМ: АНЫҚТАМАЛАР	82
-----------------------------	-----------


ОЙЫННЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Волейбол — тормен бөлінген ойын алаңында екі команда ойнайтын спорт түрі. Ойынның әмбебаптығын барлығына ұсыну мақсатында нақты жағдайларға байланысты оның әртүрлі нұсқалары бар.

Ойын мақсаты — допты тордың үстінен қарсыластың алаңына түсіру әрі қарсыластың дәл сондай әрекет жасауына жол бермеу. Команда допты үш соққымен қайтаруы керек (блокты есептемегенде).

Доп ойынға «доп беру» арқылы қосылады. Доп беруші допты тордың үстінен қарсыластарға қарай ұрады. Сол кезде «допты ойнату» басталады. Доп ойын алаңына түскенше, «алаңнан тыс» кеткенше не команда оны тиісті түрде қайтара алмағанша доп ойнату жалғаса береді.

Волейболда доп ойнатуды жеңіп алған команда ұпай алады (Доп ойнату жүйесі). Қабылдаушы команда доп ойнатуды жеңіп алса, ол ұпайға және доп беру құқығына ие болады, ал оның ойыншылары сағат тілі бағытымен бір позицияға орын ауыстырады.



1-БӨЛІМ
ЕРЕЖЕЛЕР МЕН ТӨРЕЛІК
ФИЛОСОФИЯСЫ

КІРІСПЕ

Барлық көрсеткіш бойынша волейбол — әлемдегі жетекші спорт түрлерінің бірі. Оның басқа спорт түрлеріне қарағанда федерациясы көп, теледидардан қаралым көрсеткіші жоғары, әлеуметтік желілердегі оқырман саны басым, тіркелген және әуесқой ойыншылары біршама, сондай-ақ спорт бәсекелестігін, жоғары деңгейдегі көрермен қызығушылығын үйлестіретін динамикалық, таза әрі жарқын бейнесі бар.



Уильям Морган — бұл ойынның негізін қалаушы — волейболды бүгін көрсе де таныр еді, өйткені бұл спорт түрі өзінің бірегей әрі іргелі элементтерін жылдар бойы мызғытпай сақтап келеді. Олардың кейбірі тор, доп, не ракетка қолданылатын өзге де ойындарға тән: доп беру, ротация (доп беру кезегі), шабуыл мен қорғаныс, ойыншылардың әрі тор алдында, әрі артқы шепте ойнай алу қабілеті. Алайда волейбол бір орнында қатып қалған жоқ. Бүгінде бұл — серпінді әрі көз тартарлық, жылдамдығы жоғары, доп әуеде үзіліссіз қалқып тұратын, лық толы ареналарда спортшылар таңғажайып шеберлік көрсететін спорт түрі.

Бұған қоса, волейбол тор қолданылатын ойындардың ішінде доптың үнемі әуеде қалықтап тұруын талап ететінімен ерекшеленеді. Допты қарсыласқа қайтарғанға дейін командаға өз ішінде бірнеше рет пас берісуге мүмкіндік беріледі. Сол арқылы ұпай жинауға тең жағдай туыатын өзара бөлісу мәдениеті қалыптасады.

Соңғы жылдары Халықаралық волейбол федерациясы (FIVB) ойынды заманауи көрерменге бейімдеу бағытында үлкен қадамдар жасады: допты қабылдау мен өңдеу талаптары жеңілдетілді, қорғанысқа маманданған екі «Либеро» ойыншысы енгізілді. Спортшылардың еңбегін әділ бағалау үшін «Бейне-челлендж» (Video Challenge System) технологиясы қосылып, стадион мен экран алдындағы қалың көпшіліктің көңілін табу үшін ойынның үздіксіз ағымын қолдайтын саясатжүзеге асырылып жатыр.

ЕРЕЖЕЛЕР МӘТІНІ

Бұл мәтін волейболшыларға, бапкерлерге, төрешілерге, көрермендерге, комментаторларға және басқа да қалың жұртшылыққа арналған. Себебі ережелерді терең түсіну ойын сапасын арттырып, ішкі қанағаттану сезімін ұялатады. Бапкерлер команда құрылымы мен тактикасын сауатты түзіп, ойыншылардың шеберлігін толық ашуға мүмкіндік береді, ал жазылған ереже мен алаңдағы іс-қимылдың өзара байланысын ұғыну төрешілерге әділ шешім қабылдауға көмектеседі.

Волейбол — әрі ойын-сауық, әрі бәсеке. Ойын-сауық ретіндегі спорт адам рухын көтеріп, көтеріңкі көңіл күй мен салауатты өмір салтын насихаттайды. Ал бәсекелестік адам бойындағы үздік қабілеттерді, шығармашылықты, өзін көрсету еркіндігі мен күрескерлік рухты паш етуге жол ашады. Ойын ережелері осы қырлардың барлығының үйлесімді дамуына жағдай жасайтындай етіп құрылған.


ОСЫ ЖҮЙЕ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӨРЕШІ

Білікті төрешінің болмысы әділдік, ақиқат, тұрақтылық ұғымдарынан бастау алады. Екі алаңның қақ ортасында орналасуының өзі — теңгерім символы. Осы құндылықтар ойыншылардың төреші іс-қимылына деген сенімін қалыптастырады. Дегенмен, төреші бақылаушы емес — бағыт беруші, диктатор емес — оркестр дирижері, «жүйрік» жазалаушы емес — тиімді үйлестіруші болуға тиіс.

Ереженің не үшін жазылғанын түсіну және оның жалпы «шоу» жүйесіндегі мақсатын жете ұғыну арқылы төреші бүкіл қойылымның сәтті өтуіне зор үлес қосады. Бұл ретте ол көбіне тасада қалып, қажет болған жағдайда ғана араласады. Жақсы төреші ережелерді қолдана отырып, жарысты қатысушылар үшін мазмұнды әрі толыққанды тәжірибеге айналдырады деп айта аламыз.

Осы жолдарға дейін оқып шыққан жандар үшін келесі ережелер — ұлы ойын дамуының қазіргі деңгейінің көрінісі. Жоғарыда жазылған бірнеше абзацтың сіздің осы спорттағы жеке орныңыз үшін маңызды болуы мүмкін екенін есіңізде сақтаңыз.

**Ойынға жан бітір!
Допты көкте қалықтат!
Ойын тынысын сезін!**



2-БӨЛІМ
1-БӨЛІК: ОЙЫН

1-ТАРАУ

ҒИМАРАТТАР МЕН ЖАБДЫҚТАР

Ережелермен
танысыңыз

1 ОЙЫН АЛАҢЫ

Ойын алаңы ойын алаңы мен еркін аймақты қамтиды. Ол тіктөртбұрышты және симметриялы болуға тиіс.

1.1, D1a, D1b

1.1 ӘЛШЕМДЕРІ

Ойын алаңы — өлшемі 18 x 9 м болатын тіктөртбұрыш, жан-жағынан ені кемінде 3 м болатын еркін аймақпен қоршалған.

Еркін ойын кеңістігі — бұл ойын аймағының үстіндегі кез келген бөгеттерден бос кеңістік. Еркін ойын кеңістігінің биіктігі ойын бетінен санағанда кемінде 7 м болуы керек.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстар үшін еркін аймақ бүйір сызықтардан 5 м, ал сыртқы сызықтардан 6,5 м қашықтықты құрауы керек. Еркін ойын кеңістігінің биіктігі ойын бетінен санағанда кемінде 12,5 м болуға тиіс.

D2

1.2 ОЙЫН БЕТІ

1.2.1 Ойын беті тегіс, көлденең, біртекті болуы керек. Ол ойыншылар үшін жарақат алу қаупін тудырмауы қажет. Кедір-бұдыр немесе тайғақ беттерде ойнауға тыйым салынады.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда ағаш немесе синтетикалық жабындарды ғана қолдануға рұқсат етіледі. Кез келген жабынды алдын ала FIVB мақұлдауға тиіс.

1.2.2 Жабық залда ойын алаңының беті ашық түсті болуы керек.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда сызықтар үшін ақ түс талап етіледі. Ойын алаңы мен еркін аймақ үшін бір-бірінен ерекшеленетін басқа түстер қолданылуға тиіс. Ойын алаңының ішінде алдыңғы және артқы аймақтарды ажырату үшін әртүрлі түстер қолданылуы мүмкін.

1.1, 1.3

1.2.3 Ашық алаңдарда су ағуы үшін метрге 5 мм еңістік болуына рұқсат етіледі. Алаң сызықтарын қатты материалдардан жасауға тыйым салынады.

1.3

1.3	АЛАҢДАҒЫ СЫЗЫҚТАР	D2
1.3.1	Сызықтардың ені — 5 см. Олар ашық түсті және еденнің түсінен де, басқа сызықтардан да ерекшеленуі керек.	1.2.2
1.3.2	Шектеу сызықтары Ойын алаңын екі бүйірлік және екі сыртқы сызық шектейді. Бүйірлік және сыртқы сызықтар ойын алаңы өлшемдерінің ішкі жағынан сызылады.	1.1
1.3.3	Ортаңғы сызық Ортаңғы сызықтың осі ойын алаңын әрқайсысы 9 x 9 м болатын екі тең бөлікке бөледі. Дегенмен сызықтың бүкіл ені екі алаңға да бірдей тиесілі болып есептеледі. Бұл сызық тордың астымен бір бүйір сызықтан екінші бүйір сызыққа дейін созылып жатады.	D2
1.3.4	Шабуыл сызығы Әр алаңда артқы жиегі ортаңғы сызықтың осінен 3 м қашықтықта созылған шабуыл сызығы алдыңғы аймақты белгілейді. FIVB, өлемдік және ресми жарыстар үшін шабуыл сызығы бүйір сызықтардан тыс үзік сызықтармен жалғасады. Бұл жалғас ені — 5 см, ұзындығы — 15 см болатын бес қысқа сызықшадан тұрады. Олар бір-бірінен 20 см қашықтықта созылып, жалпы ұзындығы — 1,75 метрді құрайды.	1.3.3, 1.4.1 D2
1.4	АЙМАҚТАР МЕН ОРЫҢДАР	D1b, D2
1.4.1	Алдыңғы аймақ Әр алаңда алдыңғы аймақ ортаңғы сызықтың осімен және шабуыл сызығының артқы жиегімен шектеледі. Алдыңғы аймақ бүйір сызықтардан тыс еркін аймақтың соңына дейін созылып жатыр деп есептеледі.	19.3.1.4, 23.3.2.3e, D2 1.3.3, 1.3.4, 19.3.1.4, 23.3.2.3e 1.1, 1.3.2
1.4.2	Доп беру аймағы Доп беру аймағы — әр сыртқы сызықтың артында орналасқан ені 9 м болатын аймақ. Ол екі жағынан бүйір сызықтардың жалғасы ретінде соңғы сызықтан 20 см артқа қарай созылған, ұзындығы 15 см болатын екі қысқа сызықшамен шектелген. Осы екі қысқа сызықша да доп беру аймағының еніне кіреді. Тереңдігі бойынша доп беру аймағы еркін аймақтың соңына дейін созылады.	1.3.2, 12, D1b 1.1

<p>1.4.3 Ауысу аймағы</p> <p>Ауысу аймағы екі шабуыл сызығының хатшы үстеліне дейінгі жалғасымен шектеледі.</p> <p>1.4.4 Либероның ауысу аймағы</p> <p>Либероның ауысу аймағы — командалық орындықтар жағындағы еркін аймақтың бір бөлігі. Ол шабуыл сызығының жалғасынан бастап сыртқы сызыққа дейінгі аралықпен шектеледі.</p> <p>1.4.5 Қыздырыну аймағы</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстар үшін өлшемі шамамен 3 x 3 м болатын жылыну аймақтары командалық орындықтар жағындағы бұрыштарда, еркін аймақтың сыртында орналасады. Олар көрермендердің қарауына кедергі келтірмейтін жерде немесе трибуна алаң бетінен 2,5 м-ден жоғары биіктіктен басталатын болса, баламалы түрде командалық орындықтың артында орналасуға тиіс.</p>	<p>1.3.4, 15.10.1, D1b</p> <p>19.3.2.7, D1b</p> <p>24.2.5, D1a, D1b</p>	
<p>1.5 ТЕМПЕРАТУРА</p>		
<p>Минималды температура 10°C төмен болмауға тиіс.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстар үшін максималды температураны матчтың FIVB техникалық делегаты анықтайды.</p>		
<p>1.6 ЖАРЫҚТАНДЫРУ</p>		
<p>Жарық деңгейі 300 люкстен кем болмауы керек.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда ойын аймағындағы жарық деңгейі ойын бетінен 1 м биіктікте өлшегенде 2000 люкстен кем болмауға тиіс.</p>		<p>1</p>
<p>2 ТОР ЖӘНЕ БАҒАНАЛАР</p>		
<p>2.1 ТОРДЫҢ БИІКТІГІ</p>		
<p>2.1.1 Ортаңғы сызықтың үстінде тігінен орналасқан тордың жоғарғы жиегі ерлер үшін 2,43 м, ал әйелдер үшін 2,24 м биіктікте орнатылады.</p> <p>2.1.2 Тордың биіктігі ойын алаңының ортасынан өлшенеді. Тордың екі бүйір сызықтың үстіндегі биіктігі бірдей болуға тиіс және ол ресми бекітілген биіктіктен 2 см-ден артық ауытқымауы керек.</p>	<p>D3</p> <p>1.3.3, 2.1.2</p> <p>1.1, 1.3.2, 2.1.1</p>	

2.2 ҚҰРЫЛЫМЫ

Тордың ені — 1 м (\pm 3 см), ұзындығы — 9,50 метрден 10 метрге дейін (бүйір жолақтардың әр жағында 25-50 см бөлігімен қоса). Ол 10 см-лік шаршы пішінді қара түсті тор көздерінен жасалады.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда, нақты жарыс ережелеріне сәйкес, маркетинг келісімдері бойынша жарнаманы орналастыруды жеңілдету үшін тор көздерінің құрылымы өзгертілуі мүмкін.

Тордың жоғарғы жағында бүкіл ұзындығы бойына ені 7 см болатын, екі қабатты ақ кенептен жасалған көлденең жолақ тігіледі. Жолақтың әр ұшында тесік бар. Ол арқылы жолақты бағаналарға бекітіп, жоғарғы жағын керіп тұру үшін бау өткізіледі.

Жолақтың ішінде торды бағаналарға бекітетін және оның жоғарғы жағының керілуін қамтамасыз ететін иілгіш сымарқан бар.

Тордың төменгі жағында жоғарғы жолаққа ұқсас, ені 5 см болатын тағы бір көлденең жолақ бар. Ол арқылы арқан өткізіледі. Бұл арқан торды бағаналарға бекітіп, оның төменгі бөлігінің керілуін қамтамасыз етеді.

D3

2.3 БҮЙІР ЖОЛАҚТАР

Екі ақ жолақ торға тігінен бекітіледі және әр бүйір сызықтың үстіне дәл келетіндей орналастырылады.

Олардың ені — 5 см, ұзындығы — 1 м. Олар тордың бір бөлігі болып есептеледі.

1.3.2, D3

2.4 АНТЕННАЛАР

Антенна — бұл ұзындығы 1,80 м және диаметрі 10 мм болатын, шыны талшықтан немесе соған ұқсас материалдан жасалған иілгіш шыбық.

Антенна әр бүйір жолақтың сыртқы жиегіне бекітіледі. Антенналар тордың қарама-қарсы жақтарына орналастырылады.

Әр антеннаның жоғарғы 80 см бөлігі тордың үстінен шығып тұрады және ол 10 см-лік кереғар түсті (дұрысы қызыл және ақ) жолақтармен белгіленеді.

Антенналар тордың бір бөлігі болып саналады және доптың тор үстінен ету кеңістігін бүйір жағынан шектейді.

2.3, D3

10.1.1, D3, D5a, D5b

2.5 БАҒАНАЛАР

2.5.1 Торды ұстап тұратын бағаналар бүйір сызықтардан 0,50–1,00 м қашықтықта орналасады. Олардың биіктігі — 2,55 м әрі ол бағаналар биіктігін реттеуге болатын болғаны дұрыс.

Барлық FIVB, әлемдік, ресми жарыстарға торды ұстап тұратын бағаналар бүйір сызықтардан 1 м қашықтықта орналасуға және жұмсақ қаптамамен қапталуға тиіс және ол 10 см-лік кереғар түсті (дұрысы қызыл және ақ) жолақтармен белгіленеді.

2.5.2 Бағаналар жұмыр әрі тегіс болуы, сондай-ақ жерге сымдарсыз бекітілуі керек. Қауіп төндіретін немесе кедергі келтіретін құрылғылар болмауға тиіс.

D3

2.6 ҚОСЫМША ЖАБДЫҚТАР

Қосымша жабдықтар FIVB ережелерімен анықталады.

3 ДОПТАР

3.1 СТАНДАРТТАР

Доп сфера пішінді, иілгіш былғарыдан немесе синтетикалық былғарыдан жасалған қабықтан және ішіндегі резеңкеден немесе соған ұқсас материалдан жасалған камерадан тұруға тиіс.

Оның түсі біртекті ашық немесе түстердің үйлесімінен тұруы мүмкін. Халықаралық ресми жарыстарда қолданылатын доптардың синтетикалық былғары материалы мен түс үйлесімдері FIVB стандарттарына сәйкес келуі керек.

Оның шеңбер өлшемі — 65–67 см, ал салмағы — 260–280 г.

Ішкі қысымы 0,30-дан 0,325 кг/см²-ге дейін (4,26-дан 4,61 psi-ге дейін; 294,3-тен 318,82 мбар немесе ГПа-ға дейін) болуға тиіс.

3.2 ДОПТАРДЫҢ БІРКЕЛІГІ

Матчта қолданылатын доптар шеңбер өлшемі, салмағы, қысымы, түрі, түсі және т.б. сипаттамалары бойынша бірдей стандарттарға ие болуға тиіс.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстар, сондай-ақ ұлттық немесе лига чемпионаттары, FIVB-мен басқаша келісілмесе, FIVB мақұлдаған доптармен өткізілуіне тиіс.

3.3 ДОПТЫ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда бес доп қолданылады. Бұл жағдайда алты доп беруші тағайындалады. олардың біреуі еркін аймақтың әр бұрышында және біреуден әр төрешінің артында тұрады.

3.1

D10



2 - ТАРАУ ҚАТЫСУШЫЛАР

Ережелермен
танысыңыз

4 КОМАНДАЛАР

4.1 КОМАНДА ҚҰРАМЫ

4.1.1 Матчқа команда құрамында 12 ойыншыға дейін, сонымен қатар:

- Бапкерлер штабы: бір бас бапкер, ең көбі екі бапкер көмекшісі,
- Медицина қызметкерлері: бір команда массажисі мен бір дәрігер.

Әдетте хаттамада тіркелген тұлғалар ғана жарыс/бақылау аймағына кіре алады әрі ресми қыздырыну мен матчқа қатыса алады.

Ересектер арасындағы FIVB, әлемдік, ресми жарыстаға:

Хаттамаға 14 ойыншыға дейін тіркеле алады және матчқа қатыса алады.

Орындықта отыратын ең көп дегенде бес штат мүшесін (бас бапкерді қоса алғанда) бас бапкердің өзі таңдайды, бірақ олар есеп парағында көрсетілуге және O-2(bis) формасында тіркелуге тиіс.

Команда басшысы және/немесе команда журналисі Бақылау аймағындағы орындықта немесе оның артында отыра алмайды.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда қызмет ететін кез келген дәрігер немесе команда массажисі ресми делегацияның құрамында болуы және алдын ала FIVB-ден аккредиттелуі керек. Ересектер арасындағы FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда, олар қосалқы құрам мүшелері тізіміне кірмесе, шектеу қоршауының жанында, жарыс/бақылау аймағының ішінде немесе Нақты жарыс нұсқаулығында көрсетілген арнайы орында отыруы қажет. Олар ойыншыларға шұғыл көмек қажет болған жағдайда төрешілердің шақыруымен ғана араласа алады. Команда массажисі (қосалқы құрам қатарында отырмаса да) тор маңында ресми қыздырыну басталғанға дейін көмектесе алады.

Әр шараға арналған ресми ережелер Нақты жарыс нұсқаулығында көрсетіледі.

4.1.2 Ойыншылардың бірі — команда капитаны және ол хаттамада көрсетілуге тиіс.

5.2, 5.3

D1a

7.2.1

5.1

4.1.3	Хаттамаға тіркелген ойыншылар ғана алаңға шығып, матчқа қатыса алады. Бас бапкер мен команда капитаны хаттамаға (электрондық хаттама түріндегі команда тізімі) қол қойғаннан кейін тіркелген ойыншыларды өзгертуге болмайды.	1, 4.1.1, 5.1.1, 5.2.2
4.2 КОМАНДАНЫҢ ОРНАЛАСУЫ		
4.2.1	Ойынға қатыспайтын ойыншылар өз командасының орындығында отыруға немесе қыздырыну аймағында болуға тиіс. Бапкер мен команданың басқа мүшелері орындықта отырады, бірақ одан уақытша кетуіне болады. Командаларға арналған орындықтар хатшы үстелінің жанында, еркін аймақтың сыртында орналасады.	1.4.5, 5.2.3, 7.3.3 D1a, D1b
4.2.2	Матч кезінде ойын аймағына кіруге, орындықта отыруға, ресми қыздырынуға қатысуға команда құрамындағы мүшелерге ғана рұқсат етіледі.	4.1.1, 7.2
4.2.3	Ойынға қатыспайтын ойыншылар допсыз келесідей қыздырына алады:	
4.2.3.1	ойын кезінде: қыздырыну аймағында;	1.4.5, D1a, D1b
4.2.3.2	тайм-аут кезінде: өз алаңының артындағы еркін аймақта.	1.3.3, 15.4
4.2.4	Интервал кезінде ойыншылар өздерінің еркін аймағында доппен жаттығып, қыздырына алады.	18.1
4.3 ЖАБДЫҚТАР		
	Ойыншының киім үлгісі жейдеден, шолақ шаблардан, шұлықтан (форма), спорт аяқ киімінен тұрады.	
4.3.1	Жейделер, шолақ шалбарлар, шұлықтар түсі мен дизайны бүкіл команда үшін (либероны қоспағанда) бірдей болуға тиіс. Форма таза болуы керек.	4.1, 19.2
4.3.2	Аяқ киім жеңіл әрі иілгіш, өкшесіз, резеңке немесе қалың табанды болуға тиіс.	
4.3.3	Ойыншылардың жейделері 1-ден 20-ға дейін нөмірленуге тиіс.	4.3.3.2
	Ересектер арасындағы FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда, құрамда ойыншылар саны көп болған жағдайда, нөмірлер тізбегі ұзартылуы мүмкін.	
4.3.3.1	Нөмір жейденің алдыңғы және артқы жағының ортасында орналасуы керек. Нөмірлердің түсі мен ашықтығы жейделердің түсі мен ашықтығына қарама-қайшы болуға тиіс.	
4.3.3.2	Көкірек тұсындағы нөмірдің биіктігі кемінде 15 см, ал арқадағы нөмірдің биіктігі кемінде 20 см болуы керек. Нөмірлерді құрайтын жолақтың ені кемінде 2 см болуға тиіс.	
4.3.4	Команда капитанының жейдесінде көкірек тұсындағы нөмірдің астында 8 x 2 см өлшемді жолақ болуға тиіс.	5.1

4.3.5 Басқа ойыншылардың түсінен ерекшеленетін форма киюге (либероны қоспағанда) және/немесе ресми нөмірлері жоқ формамен шығуға тыйым салынады. 19.2

4.4 ЖАБДЫҚТЫҢ ӨЗГЕРУІ

Бірінші төреші бір немесе бірнеше ойыншыға мыналарға рұқсат бере алады: 23

4.4.1 жалаң аяқ ойнауға;

4.4.2 кезеңдер арасында не ойыншы ауысқаннан кейін су болған немесе бүлінген форманы ауыстыруға (жаңа форманың түсі, дизайны, нөмірі бұрынғымен бірдей болған жағдайда); 4.3, 15.5

4.4.3 күн суық болса, жаттығу костюмдерімен ойнауға (олар бүкіл команданың (либероны қоспағанда) киімі, дизайны бірдей түсті болса және 4.3.3-ережеге сәйкес нөмірленген болса). 4.1.1, 19.2

4.5 ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ЗАТТАР

4.5.1 Жарақат келтіруі мүмкін немесе ойыншыға жасанды артықшылық беретін затты тағып шығуға тыйым салынады.

4.5.2 Ойыншылар көзілдірік немесе линзаны өз жауапкершілігіне қарай таға алады.

4.5.3 Қорғауға немесе тіреуге көмектесетін компрессия жастықшасын (жарақаттан қорғайтын жұмсақ құрылғы) қолдануға болады.

Ересектер арасындағы FIVB, әлемдік, ресми жарыстарға бұл құрылғы форманың тиісті бөлігінің түсімен бірдей болуға тиіс. Сондай-ақ оны қолданатын ойыншылардың түсі бірдей болса, қара, ақ немесе бейтарап түстерді қолдануға рұқсат етіледі.

5 КОМАНДА КӨШБАСШЫЛАРЫ

Команда капитаны мен бапкер өз команда мүшелерінің тәртібі мен өзін-өзі ұстауына жауапты болады. 20

Либеро команда капитаны немесе ойын капитаны бола алады.

5.1 КАПИТАН

5.1.1 МАТЧ АЛДЫНДА команда капитаны жеребе тастау кезінде өз командасының атынан қатысады, кейін хаттамаға қол қояды. 7.1, 25.2.1.1

5.1.2 МАТЧ КЕЗІНДЕ алаңда болғанда команда капитаны ойын капитанының міндетін атқарады. Команда капитаны алаңда болмағанда, бапкерді немесе ойын капитанының релін атқару үшін алаңдағы басқа ойыншыны тағайындауға тиіс. Сол ойын капитанын ауыстырмағанша не команда капитаны ойынға қайта оралғанша немесе кезең аяқталғанша уақытша ойын капитаны өз міндетін атқарады. 15.2.1

<p>Доп ойыннан тыс болғанда, төмендегідей жағдайларда ойын капитанына ғана төрешілермен сөйлесуге рұқсат етіледі:</p>	8.2
<p>5.1.2.1 Ережелердің қолданылуы немесе түсіндірілуі бойынша түсініктеме сұрау, сондай-ақ өз командаластарының өтінішін не сұрағын жеткізу үшін. Ойын капитаны бірінші төрешінің түсіндірмесімен келіспесе, ол мұндай шешімге наразылық білдіруді таңдай алады және матч соңында хаттамаға ресми наразылықты жазу құқығын өзіне қалдыратынын бірінші төрешіге дереу хабарлайды;</p>	23.2.4
<p>5.1.2.2 мыналарға рұқсат сұрау үшін:</p>	
<p>а) жабдықты толық немесе ішінара ауыстыруға, ә) командалардың орналасуын тексеруге, б) еденді, торды, допты және т.б. тексеруге;</p>	4.3, 4.4.2 7.4, 7.6 1.2, 2, 3
<p>5.1.2.3 бапкер болмаған жағдайда (командада бапкер міндетін өз мойнына алған көмекшісі болмаса), тайм-аут пен ойыншы ауыстыруды сұрау үшін.</p>	5.2, 5.3, 15.3.1, 15.4.1, 15.5.2
<p>5.1.3 МАТЧ АЯҚТАЛҒАНДА команда капитаны:</p>	6.3
<p>5.1.3.1 төрешілерге алғыс айтады және нәтижені бекіту үшін хаттамаға қол қояды;</p>	25.2.3.3
<p>5.1.3.2 бірінші төрешіге тиісті уақытында хабарланған болса, төрешінің ережелерді қолдануы немесе түсіндіруіне қатысты ресми наразылығын растап, хаттама жаза алады.</p>	5.1.2.1, 25.2.3.2
<p>5.2 БАПКЕР</p>	
<p>5.2.1 Матч барысында бапкер командасының ойынына ойын алаңының сыртынан жетекшілік етеді. Ол бастапқы құрамды, қосалқы ойыншыларды таңдайды және тайм-аут алады. Бұл міндеттерді орындау кезінде оның негізгі байланыс тұлғасы — екінші төреші.</p>	1.1, 7.3.2, 15.4.1, 15.5.2
<p>5.2.2 МАТЧ АЛДЫНДА бапкер хаттамадағы команда тізіміне ойыншыларының есімдері мен нөмірлерін жазады немесе тексереді, кейін оған қол қояды.</p>	4.1, 19.1.3, 25.2.1.1
<p>5.2.3 МАТЧ КЕЗІНДЕ бапкер:</p>	
<p>5.2.3.1 әр кезеңнің алдында екінші төрешіге немесе хатшыға тиісті түрде толтырылған және қол қойылған құрам парағын береді; планшет қосымшалары қолданылса, құрамның электронды жолмен жіберілуі автоматты түрде ресми болып саналады.</p>	7.3.2, 7.4, 7.6
<p>5.2.3.2 команда орындығының хатшыға ең жақын тұсына отырады, бірақ одан кетуіне болады;</p>	4.2
<p>5.2.3.3 тайм-аут пен ойыншы ауыстыруға өтініш сұрайды;</p>	15.4, 15.5

5.2.3.4 команданың басқа мүшелері секілді алаңдағы ойыншыларға нұсқау бере алады. Бапкер өз командасының орындығының алдындағы еркін аймақта, шабуыл сызығының созындысынан бастап қыздырыну аймағына дейін (ол жарыс бақылау аймағының бұрышында орналасса) тұрып немесе жүріп, матчқа кедергі келтірмей не кідіртпей нұсқау бере алады. Қыздырыну аймағы команда орындығының артында орналасса, бапкер шабуыл сызығының созындысынан бастап өз командасының алаңының соңына дейін, бірақ сызық бойындағы төрешілердің ойынды көруіне кедергі келтірмей қозғала алады.

1.3.4, 1.4.5,
D1a, D1b, D2

5.3 БАПКЕР КӨМЕКШІСІ

- 5.3.1 Бапкер көмекшісі команда орындығына отырады, бірақ оның ойын барысына араласуға құқығы жоқ.
- 5.3.2 Бапкер қандай да бір себеппен (соның ішінде санкцияларға байланысты, бірақ алаңға ойыншы ретінде шығуды қоспағанда) өз командасынан кетуге мәжбүр болса, ойын капитаны төрешіге растағаннан кейін бапкер көмекшісі бапкердің міндетін уақытша өз мойнына ала алады.

4.2.1

5.1.2.3, 5.2



3-ТАРАУ ОЙЫН ФОРМАТЫ

		Ережелермен танысыңыз
6	ҰПАЙ АЛУ, КЕЗЕҢДІ ЖӘНЕ МАТЧТЫ ЖЕҢҮ	
6.1	ҰПАЙ АЛУ	
6.1.1	<p>Ұпай</p> <p>Команда келесі жағдайларда ұпай жинайды:</p>	
6.1.1.1	допты қарсыластың алаңына сәтті түсіргенде;	8.3
6.1.1.2	қарсылас команда қате жібергенде;	6.1.2
6.1.1.3	қарсылас командаға айып добы берілгенде.	16.2.3, 21.3.1
6.1.2	<p>Қате</p> <p>Команда ережеге қайшы келетін ойын әрекетін жасағанда (немесе оны басқа жолмен бұзғанда) қате жібереді. Төрешілер қатені бағалап, ережеге сәйкес салдарын анықтайды:</p>	
6.1.2.1	екі не одан да көп қате бірінен соң бірі жасалса, біріншісі ғана есептеледі;	
6.1.2.2	қарсылас бір мезгілде екі не одан да көп қате жіберсе, «ҚОС ҚАТЕ» жарияланып, доп қайта ойнатылады.	D11 (23)
6.1.3	<p>Доп ойнату және доп ойнатудың аяқталуы</p> <p>Доп ойнату — бұл допты берушінің соққы жасаған сәтінен бастап, доп ойыннан шыққанға дейінгі ойын әрекеттерінің тізбегі. Доп ойнатудың аяқталуы — ұпай берумен аяқталатын ойын әрекеттерінің тізбегі.</p> <p>Бұған мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – айып добының берілуі – белгіленген уақыттан кешіктіріп орындалған соққы үшін доп беру құқығынан айырылу. 	<p>8.1, 8.2, 12.2.2.1, 15.2.3, 15.11.1.3, 19.3.2.1, 19.3.2.9</p> <p>21.3.1 12.4.4</p>
6.1.3.1	допты берген команда доп ойнатуда жеңсе, ол ұпай жинап, доп беруді жалғастырады.	
6.1.3.2	допты қабылдаған команда доп ойнатуда жеңсе, ол ұпай жинап, келесі болып доп беруге тиіс.	
6.2	КЕЗЕҢ ЖЕҢҮ	D11 (9)
	Кезеңде (шешуші 5-кезеңді қоспағанда) кемінде екі ұпай айырмашылығымен бірінші болып 25 ұпай жинаған команда жеңеді. Есеп 24-24 болған жағдайда, ойын екі ұпай басымдығына қол жеткізгенше жалғасады (26-24; 27-25 және т.б.).	6.3.2

6.3	МАТЧ ЖЕҢУ	D11 (9)
6.3.1	Матчта үш кезеңде жеңген команда жеңімпаз атанады.	6.2
6.3.2	Есеп 2-2 болған жағдайда, шешуші 5-сет кемінде 2 ұпай айырмашылығымен 15 ұпайға дейін ойнатылады.	7.1
6.4	ОЙЫНҒА КЕЛМЕУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚ ЕМЕС КОМАНДА	
6.4.1	Команда ресми шақырудан кейін ойнаудан бас тартса, ол ойынға келмеген деп жарияланады және матчта 0-3 есебімен, ал әр кезеңде 0-25 есебімен жеңілді деп есептеледі.	6.2, 6.3
6.4.2	Дәлелді себепсіз ойын алаңына уақытында шықпаған команда 6.4.1-ережедегідей нәтижемен ойынға келмеген деп жарияланады.	
6.4.3	Кезең немесе матч үшін «ТОЛЫҚ ЕМЕС» деп жарияланған команда сол кезеңде немесе матчта жеңіледі. Қарсылас командаға кезеңді немесе матчты жеңіп алу үшін қажетті ұпай (немесе ұпай мен кезең) беріледі. Толық емес құрамдағы команда өзінің жинаған ұпайлары мен кезеңдерін сақтап қалады.	6.2, 6.3, 7.3.1
7	ОЙЫН ҚҰРЫЛЫМЫ	
7.1	ЖЕРЕБЕ ТАСТАУ	
	Матч алдында бірінші төреші бірінші кезеңдегі алғашқы доп беру құқығы мен алаң бетін анықтау үшін жеребе тастайды.	12.1.1
	Шешуші кезең ойналатып жатса, жаңа жеребе тасталады.	6.3.2
7.1.1	Жеребеге екі команда капитаны қатысады.	5.1
7.1.2	Жеребеде жеңген тарап мыналардың бірін таңдайды: НЕ	
7.1.2.1	доп беру немесе допты қабылдау құқығын, НЕ	12.1.1
7.1.2.2	алаң бетін. Жеребеде жеңілген тарап қалған таңдауды иеленеді.	
7.2	РЕСМИ ҚЫЗДЫРЫНУ	
7.2.1	Матч алдында, командалардың иелігінде бұған дейін жеке ойын алаңы болған болса, оларға тор жанында бірге 6 минуттық ресми қыздырыну уақыты беріледі; болмаса, оларға 10 минут берілуі мүмкін. FIVB, әлемдік және ресми жарыстарда командаларға тор жанында бірге 10 минуттық бой жазу уақыты беріледі.	

7.2.2	Капитандардың бірі тор жанында бөлек (кезегімен) ресми қыздырыну сұраса, командалардың әрқайсысына 3 минуттан немесе 5 минуттан беріледі.	7.2.1
7.2.3	Ресми бой жазу кезегімен өткен жағдайда, бірінші болып доп беретін команда тор жанына бірінші шығады.	7.1.2.1, 7.2.2
FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда барлық ойыншы толық хаттама және қыздырыну кезінде ойын формасын киіп жүруге тиіс.		
7.3 КОМАНДАНЫҢ БАСТАПҚЫ ҚҰРАМЫ		
7.3.1	Ойын барысында әр командадан алаңда әрдайым алты ойыншы болуға тиіс. Команданың бастапқы құрамы ойыншылардың алаңдағы ротация ретін көрсетеді. Реттілік кезең бойы сақталуы керек.	6.4.3 7.6
7.3.2	Әр кезең басталғанға дейін бапкер өз командасының бастапқы құрамын құрам парағында немесе (қолданылған жағдайда) электронды құрылғы арқылы ұсынуға тиіс. Тиісті түрде толтырылған және қол қойылған парақ екінші төрешіге немесе хатшыға беріледі, не хаттама жүргізілетін электронды жүйеге жіберіледі.	5.2.3.1, 24.3.1, 25.2.1.2
7.3.3	Кезеңнің бастапқы құрамына кірмеген ойыншылар — сол кезеңнің қосалқы ойыншылары (Либероны қоспағанда).	7.3.2, 15.5
7.3.4	Құрам парағы екінші төрешіге немесе хатшыға берілгеннен кейін құрамға стандартты ауыстырусыз ешқандай өзгеріс енгізуге рұқсат етілмейді.	15.2.2, 15.5, D11 (5)
7.3.5	Алаңдағы ойыншылардың орналасуы мен құрам парағындағы деректер арасындағы сәйкессіздіктер келесідей реттеледі:	24.3.1
7.3.5.1	мұндай сәйкессіздік кезең басталғанға дейін анықталса, ойыншылардың орналасуы құрам парағына сәйкес түзетілуге тиіс. Бұл үшін ешқандай шара қолданылмайды;	7.3.2
7.3.5.2	кезең басталғанға дейін алаңдағы қандай да бір ойыншы сол кезеңнің құрам парағында тіркелмегені анықталса, бұл ойыншы құрам парағына сәйкес ауыстырылуы керек. Шара қолданылмайды;	7.3.2
7.3.5.3	Дегенмен бапкер тіркелмеген ойыншыны (ойыншыларды) алаңда қалдырғысы келсе, ол тиісті қол ишарасын қолданып, стандартты ауыстыруды сұрауға тиіс. Кейін бұл дерек есеп парағына жазылады. Ойыншылардың орналасуы мен құрам парағы арасындағы сәйкессіздік кейін анықталса, қате жіберген команда дұрыс орналасу тәртібіне қайта оралуға тиіс. Қарсыластың жинаған ұпайлары өз күшінде қалады, сонымен қатар оларға қосымша ұпай мен келесі доп беру құқығы беріледі. Қате жіберген команданың қате жасалған сәттен бастап ол анықталғанға дейінгі жинаған барлық ұпайы жойылады.	15.2.2, D11 (5)
7.3.5.4	Алаңдағы ойыншы команда тізімінде мүлдем тіркелмегені анықталса, қарсыластың ұпайы өз күшінде қалады, оған қоса олар ұпай мен доп беру құқығын иеленеді. Қате жіберген команда тіркелмеген ойыншы алаңға шыққан сәттен бастап жинаған барлық ұпайынан және/немесе кезеңдерінен (қажет болса 0:25 есебімен) айырылады. Команда жаңартылған құрам парағын ұсынып, тіркелмеген ойыншының орнына тізімде бар жаңа ойыншыны шығаруға тиіс.	6.1.2, 7.3.2

7.4	ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ	D4
	<p>Доп беруші допты ұрған сәтте әр команда (доп берушіден басқасы) өз алаңының ішінде орналасуға тиіс. Допты қабылдаушы команданың ойыншылары допты ұру сәтінде ротация ретіне сәйкес орындарында болуы керек.</p> <p>Ал доп беруші команданың ойыншыларына келетін болсақ, олар допты ұру сәтінде кез келген орынды иеленуге ерікті.</p>	7.6.1, 8.1, 12.4
7.4.1	Ойыншылардың орналасу тәртібі келесідей нөмірленеді:	
7.4.1.1	тор бойындағы үш ойыншы — алдыңғы қатардағы ойыншылар және олар 4 (алдыңғы сол жақ), 3 (алдыңғы орталық), 2 (алдыңғы оң жақ) позицияларын иеленеді;	
7.4.1.2	қалған үшеуі — артқы қатардағы ойыншылар және олар 5 (артқы сол жақ), 6 (артқы орталық), 1 (артқы оң жақ) позицияларын иеленеді.	
7.4.2	Ойыншылар арасындағы өзара орналасу тәртібі:	
7.4.2.1	әр артқы қатардағы ойыншы орталық сызықтан тиісті алдыңғы қатардағы ойыншыға қарағанда әрірек (артқа қарай) орналасуға тиіс;	
7.4.2.2	алдыңғы қатардағы және артқы қатардағы ойыншылар тиісінше 7.4.1-ережеде көрсетілген ретпен көлденеңінен орналасуға тиіс.	
7.4.3	ойыншылардың позициясы олардың жерге тиіп тұрған табандарының орналасуына қарай анықталады және бақыланады (еденмен соңғы жанасу ойыншының позициясын бекітеді):	D4
7.4.3.1	әр артқы қатардағы ойыншының кем дегенде бір табанының бір бөлігі тиісті алдыңғы қатардағы ойыншының алдыңғы табанына қарағанда орталық сызықтан әрірек орналасуға немесе сонымен деңгейлес болуға тиіс;	1.3.3, 7.4.2.1, 7.4.3
7.4.3.2	әр оң (сол) жақ ойыншының кем дегенде бір табанының бір бөлігі сол қатардағы басқа ойыншылардың оң (сол) жақ бүйір сызығынан ең алыс тұрған табанына қарағанда оң (сол) жақ бүйір сызығына жақынырақ орналасуға немесе сонымен деңгейлес болуға тиіс.	1.3.2, 7.4.1.2, 7.4.2.2, 7.4.3
7.4.4	Допты ұрғаннан кейін қос команданың ойыншылары өз алаңы мен еркін аймақтың кез келген жеріне қозғалып, кез келген орынды иелене алады.	
7.5	ОРНАЛАСУ ҚАТЕСІ	D4, D11 (13)
7.5.1	Доп беруші допты ұрған сәтте қандай да бір ойыншы өз орнында болмаса, команда орналасу қатесін жіберді деп есептеледі. Ойыншы алаңға ережеден тыс ауыстыру арқылы шығып, ойын қайта басталса, бұл ережеден тыс ауыстырудың салдарымен бірге орналасу қателігі ретінде есептеледі.	7.3, 7.4, 15.9
7.5.2	Доп беруші допты ұру сәтінде доп беру қателігін жіберсе, орналасу қатесіне қарағанда доп берушінің қатесі бірінші кезекте есептеледі.	12.4, 12.7.1
7.5.3	Доп беру соққысынан кейін доп беруде қате кетсе, онда орналасу қатесі есептеледі.	12.7.2

7.5.4	Орналасу қатесі келесідей салдарға әкеп соғады:	
7.5.4.1	командаға шара ретінде қарсыласқа ұпай және доп беру құқығы беріледі;	6.1.3
7.5.4.2	ойыншылардың позициялары түзетілуге тиіс.	7.3, 7.4
7.6	РОТАЦИЯ	
7.6.1	Ротация команданың бастапқы құрамымен анықталады және кезең бойы доп беру кезегі мен ойыншылардың позициялары арқылы бақыланады.	7.3.1, 7.4.1, 12.2
7.6.2	Допты қабылдаушы команда доп беру құқығына ие болған кезде, оның ойыншылары сағат тілінің бағытымен бір позицияға ауысады: 2-позициядағы ойыншы доп беру үшін 1-позицияға ауысады, 1-позициядағы ойыншы 6-позицияға ауысады және т.б.	12.2.2.2
7.7	РОТАЦИЯ ҚАТЕСІ	D11 (13)
7.7.1	Ротация қатесі ДОП БЕРІС ауысу ретіне сәйкес орындалмаған жағдайда орын алады. Бұл келесідей салдарға әкеп соғады:	7.6.1, 12
7.7.1.1	хатшы дыбыс белгісі арқылы ойынды тоқтатады; қарсылас команда ұпай мен келесі доп беру құқығын иеленеді; ротация қатесі осы қатеден басталған доп ойнату аяқталғаннан кейін ғана анықталса, доп ойналғанның нәтижесіне қарамастан, қарсыласқа бір-ақ ұпай беріледі.	6.1.3
7.7.1.2	қате жіберген команданың ротация реті түзетілуге тиіс;	7.6.1
7.7.2	Сонымен қатар хатшы қате жіберілген нақты сәтті анықтауы керек және қате жіберген команданың содан кейін жинаған барлық ұпайы жойылуға тиіс. Қарсыластың ұпайлары өз күшінде қалады. Қате жіберілген сәтті анықтау мүмкін болмаса, ұпайлар жойылмайды және қарсыласқа ұпай мен доп беру құқығының берілуі жалғыз шара болып қалады.	25.2.2.2 6.1.3



4 - ТАРАУ ОЙЫН ӨРЕКЕТТЕРІ

		Ережелермен танысыңыз
8	ОЙЫН ҚАЛЫПТАРЫ	
8.1	ДОП ОЙЫНДА Доп бірінші төреші рұқсат берген доп беру соққысы жасалған сәттен бастап ойында деп есептеледі.	12, 12.3
8.2	ДОП ОЙЫННАН ТЫС Доп төрешілердің бірі қатені тіркеп, ысқырық шалған сәтте ойыннан шығады; қате болмаған жағдайда, ысқырық шалынған сәтте.	
8.3	ДОП «АЛАҢДА» Еденге жанасудың кез келген сәтінде доптың қандай да бір бөлігі ойын алаңына, соның ішінде шекара сызықтарына тисе, доп «алаңда» деп есептеледі.	D11 (14), D12 (1) 1.1, 1.3.2
8.4	ДОП «АЛАҢНАН ТЫС» Доп келесі жағдайларда «алаңнан тыс» деп есептеледі:	
8.4.1	доптың еденге тиген барлық бөлігі толығымен шекара сызықтарынан тыс болса;	1.3.2, D11 (15), D12 (2)
8.4.2	ол алаңнан тыс орналасқан затқа, төбеге немесе ойынға қатыспайтын адамға тисе;	D11 (15), D12 (4)
8.4.3	ол антенналарға, арқандарға, тіреулерге немесе бүйірлік жолақтардан тыс орналасқан тордың өзіне тисе;	2.3, D3, D5a, D11 (15), D12 (4)
8.4.4	ол 10.1.2-ережеде көрсетілген жағдайды қоспағанда, тордың тік жазықтығын өтпелі кеңістіктен ішінара немесе толығымен тыс кесіп өтсе;	2.3, D5a, D5b, D11 (15), D12 (4)
8.4.5	ол тордың астындағы төменгі кеңістікті толығымен кесіп өтсе.	23.3.2.3f, D5a, D11 (22)

9	ДОППЕН ОЙНАУ ӘРЕКЕТТЕРІ	
	<p>Әр команда өз ойын аймағы мен кеңістігінде ойнауға тиіс (10.1.2-ережедегі жағдайды қоспағанда). Дегенмен допты өзінің еркін аймағынан тыс жерден және бүкіл ұзындығы бойынша хатшы үстелінің үстінен қайтаруға болады.</p>	D1b
9.1	КОМАНДАНЫҢ ДОПҚА ЖАНАСУЫ	
	<p>Жанасу — бұл ойындағы кез келген ойыншының допқа тиюі. Команда допты қайтару үшін ең көбі үш жанасуға (доп тойтарудан бөлек) құқылы. Одан көп жанасу жасалса, команда «ТӨРТ ЖАНАСУ» қатесін жіберді деп есептеледі.</p>	14.4.1
9.1.1	БІРІНЕН СОҢ БІРІ ЖАСАЛАТЫН ЖАНАСУЛАР	
	<p>Ойыншы допты қатарынан екі рет ұра алмайды (9.2.3, 14.2 және 14.4.2 ережелерін қоспағанда).</p>	9.2.3, 14.2, 14.4.2
9.1.2	БІР УАҚЫТТА ЖАСАЛАТЫН ЖАНАСУЛАР	
	<p>Екі не үш ойыншы допқа бір мезетте жанаса алады.</p>	
9.1.2.1	<p>Бір команданың екі (не үш) ойыншысы допқа бір мезгілде тисе, бұл екі (не үш) жанасу болып есептеледі (доп тойтаруды қоспағанда). Олар допқа бірге ұмтылып, бірақ оған біреуі ғана тисе, бір жанасу есептеледі. Ойыншылардың өзара соқтығысуы қате болып саналмайды.</p>	
9.1.2.2	<p>Екі қарсылас тор үстінде допқа бір мезгілде тиіп, доп ойында қалса, допты қабылдаған команда тағы үш жанасу жасауға құқылы. Мұндай доп «алаңнан тыс» кетсе, бұл қарсы беттегі команданың қатесі болып есептеледі.</p>	
9.1.2.3	<p>Тор үстіндегі екі қарсыластың бір мезгілдегі жанасуы доппен ұзақ жанасуға әкел соқса, тіпті жанасу қарсыластың алаңында аяқталса да, ойын жалғасады.</p>	
9.1.3	ЖӘРДЕММЕН ҰРУ	
	<p>Ойын аймағының ішінде ойыншыға допты ұру үшін командаласынан немесе қандай да бір құрылымнан/нысаннан тірек алуға рұқсат етілмейді.</p>	1
	<p>Дегенмен қате жіберуге (торға тию немесе орталық сызықтан өту және т.б.) жақын тұрған ойыншыны командаласы тоқтатып немесе ұстап қала алады.</p>	1.3.3, 11.4.4
9.2	ЖАНАСУ СИПАТТАМАСЫ	
9.2.1	<p>Доп дененің кез келген бөлігіне тие алады.</p>	
9.2.2	<p>Допты ұстап алуға немесе лақтыруға болмайды. Ол кез келген бағытқа серпіле алады.</p>	9.3.3, D11 (16)

9.2.3	Доп дененің бірнеше бөлігіне тиюі мүмкін, бірақ бұл жанасулар бір мезетте орындалуға тиіс. Ерекшеліктер:	
9.2.3.1	допты тойтарғанда бір не бірнеше ойыншы допқа бірінен соң бірі тие алады, бұл жанасу бір әрекет барысында орын алса;	14.1.1, 14.2
9.2.3.2	оманданың бірінші жанасуы кезінде, бұл жанасулар бір әрекет барысында орын алса, доп дененің бірнеше бөлігіне бірінен соң бірі тиюі мүмкін.	9.1, 14.4
9.3	ДОППЕН ОЙНАУДАҒЫ ҚАТЕЛЕР	
9.3.1	ТӨРТ ЖАНАСУ: команда допты қарсылас жаққа қайтарғанға дейін төрт рет жанасу жасайды.	9.1, D11 (18)
9.3.2	ЖӨРДЕММЕН ҰРУ: ойын аймағының ішінде ойыншы допты ұру үшін командаласынан немесе қандай да бір құрылымнан/нысаннан тірек алады.	9.1.3
9.3.3	ҰСТАП АЛУ: доп ұстап алынады және/немесе лақтырылады; ол соққыдан кейін серпілмейді.	9.2.2, D11 (16)
9.3.4	ҚОС ЖАНАСУ: ойыншы допты бірінен соң бірі екі рет ұрады немесе доп оның денесінің бірнеше бөлігіне бірінен соң бірі тиеді.	9.2.3, D11 (17)
10	ТОРДАҒЫ ДОП	
10.1	ТОРДЫ КЕСІП ӨТЕТІН ДОП	
10.1.1	Қарсылас алаңына бағытталған доп тордың үстіндегі өтпелі кеңістіктің ішінен өтуге тиіс. Өтпелі кеңістік — бұл тордың тік жазықтығының келесідей шектелген бөлігі:	2.4, 10.2, D5a
10.1.1.1	төменнен — тордың жоғарғы жиегімен;	2.2
10.1.1.2	бүйірлерінен — антенналармен және олардың ойша жоғары қарай созылған сызықтарымен;	2.4
10.1.1.3	жоғарыдан — төбемен.	
10.1.2	Команданың бірінші жанасуынан кейін тор жазықтығын толығымен немесе ішінара сыртқы кеңістік арқылы өтіп, қарсыластың еркін аймағына бағытталған допты келесі шарттар орындалған жағдайда команда жанасулары шегінде кері қайтаруға болады:	9.1, D5b
10.1.2.1	ойыншы қарсыластың алаңына тимесе (11.2.2.1-ережені қоспағанда).	11.2.2
10.1.2.2	допты кері қайтарған кезде, ол тор жазықтығын қайтадан алаңның дәл сол жағындағы сыртқы кеңістік арқылы толығымен немесе ішінара кесіп өтсе. Олай болмаса, доп «алаңнан тыс» деп есептеледі. Қарсылас команда бұл әрекетке кедергі келтіре алмайды.	11.4.4, D5b
10.1.2.3	команданың екінші не үшінші жанасуынан кейін тор жазықтығын толығымен немесе ішінара сыртқы кеңістік арқылы өтіп, қарсыластың еркін аймағына бағытталған допты кері қайтаруға болмайды және ол тор жазықтығын кесіп өткен сәтте «АЛАҢНАН ТЫС» деп есептеледі.	D5b

10.1.3	Тордың астындағы төменгі кеңістік арқылы қарсылас алаңына бағытталған доп, тордың тік жазықтығын толығымен кесіп өткен сәтке дейін ойында деп есептеледі.	23.3.2.3f, D5a, D11 (22)
10.2 TORҒА ТИГЕН ДОП		
	Тор арқылы өткенде доп оған тиюі мүмкін.	10.1.1
10.3 ДОП ТОРДЫҢ ІШІНДЕ		
10.3.1	Торға соғылған допты команданың үш жанасуы шегінде кері қайтаруға болады.	9.1
10.3.2	Доп торды жыртып жіберсе немесе оны құлатса, допты ойнату тоқтатылып, қайта ойнатылады.	
11 ТОРДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫ		
11.1 ТОР ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ШЫҒУ		
11.1.1	Допты тойтару кезінде ойыншы тордың арғы бетіндегі допқа тие алады, ол қарсыластың шабуыл соққысына дейін оның ойынына кедергі жасамаса.	14.1, 14.3
11.1.2	Шабуыл соққысынан кейін ойыншыға қолын тордың арғы бетіне өткізуге рұқсат етіледі, алғашқы жанасу оның өз ойын кеңістігінде жасалса және доп ұстап алынбаса немесе лақтырылмаса.	
11.2 ТОРДЫҢ АСТЫМЕН ӨТУ		
11.2.1	Қарсыластың ойынына кедергі келтірмеу шартымен тордың астындағы қарсылас кеңістігіне өтуге рұқсат етіледі.	
11.2.2	Орталық сызықтан асып, қарсылас алаңына өту:	1.3.3, 11.2.2.1, D11 (22)
11.2.2.1	қарсылас алаңына табанмен (немесе екі табанмен) тиюге рұқсат етіледі, өткен табанның (табандардың) қандай да бір бөлігі орталық сызыққа тиіп тұрса немесе тікелей оның үстінде болса және бұл әрекет қарсыластың ойынына кедергі келтірмесе;	1.3.3, D11 (22)
11.2.2.2	қарсыластың ойынына кедергі келтірмеу шартымен, қарсылас алаңына табаннан жоғары дененің кез келген бөлігімен тиюге рұқсат етіледі.	1.3.3, 11.2.2.1, D11 (22)
11.2.3	Доп ойыннан шыққаннан кейін ойыншы қарсылас алаңына өте алады.	8.2
11.2.4	Ойыншылар қарсыластың еркін аймағына, олардың ойынына кедергі келтірмеу шартымен өте алады.	

11.3		ТОРҒА ТИЮ	
11.3.1	Доппен ойнау әрекеті кезінде антенналардың арасындағы торға ойыншының тиюі — қатеге саналады.		11.4.4, 23.3.2.3с, 24.3.2.3, D3
	Доппен ойнау әрекетіне (басқалармен қатар) секіруге ұмтылу, соққы жасау (немесе әрекеттену), жаңа әрекетке дайын күйде жерге қауіпсіз қону жатады.		
11.3.2	Ойынға кедергі келтірмесе, ойыншыларға антенналардан тыс орналасқан тіреулерге, арқандарға не кез келген басқа нысанға, соның ішінде тордың өзіне (9.1.3-ережені қоспағанда) тиюге рұқсат етіледі.		D3
11.3.3	Торға соғылған доп тордың қарсыласқа тиюіне себеп болса, бұл қате деп есептелмейді.		
11.4		ТОРДЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ОЙЫНШЫНЫҢ ҚАТЕСІ	
11.4.1	Ойыншы қарсыластың шабуыл соққысына дейін оның кеңістігіндегі допқа немесе қарсыластың өзіне тисе.		11.1.1, D11 (20)
11.4.2	Ойыншы тордың астынан қарсылас кеңістігіне өткенде оның ойынына кедергі келтірсе.		11.2.1
11.4.3	Ойыншының табаны (екі табаны) қарсылас алаңына толығымен өтсе.		11.2.2.2, D11 (22)
11.4.4	Ойыншы ойынға келесі әрекеттер арқылы (басқалармен қатар) кедергі келтірсе: – доппен ойнау әрекеті кезінде антенналардың арасындағы торға немесе антеннаның өзіне тию, – антенналардың арасындағы торды тірек немесе тұрақтандыру құралы ретінде пайдалану – торға тиіп қарсыластан негізсіз басымдық алу – қарсыластың доппен ойнауға бағытталған заңды әрекетіне бөгет жасау, – торды ұстап алу не ұстап тұру Доп ойналып жатқан кезде оған жақын тұрған және онымен ойнауға тырысқан кез келген ойыншы, тіпті допқа тимесе де, доппен ойнау әрекетінде деп есептеледі. Дегенмен антеннадан тыс торға тию қате болып саналмайды (9.1.3-ережені қоспағанда).		D11 (19) 11.3.1
12		ДОП БЕРІС	
	Доп беріс — бұл допты ойынға қосу аймағында орналасқан артқы шептің оң жақ ойыншысының допты ойынға енгізу әрекеті.		1.4.2, 8.1, 12.4.1
12.1		КЕЗЕҢДЕГІ БІРІНШІ ДОП БЕРІС	
12.1.1	Бірінші кезеңде, сондай-ақ шешуші 5-кезеңде жеребе бойынша анықталған команда доп береді.		6.3.2, 7.1

12.1.2 Қалған кезеңдерді алдыңғы кезеңді бірінші болып доп берген команда бастайды.

12.2 ДОП БЕРІС КЕЗЕГІ

12.2.1 Ойыншылар тізімдемеде көрсетілген допты ойынға қосу кезектілігін сақтауға тиіс.

7.3.1, 7.3.2

12.2.2 Кезеңдегі бірінші допты бергеннен кейін келесі доп беруші ойыншы былайша анықталады:

12.1

12.2.2.1 допты ойынға қосқан команда доп ойнатуда жеңсе, бұған дейін допты ойынға қосқан ойыншы (немесе оны алмастырушысы) қайтадан орындайды;

6.1.3, 15.5

12.2.2.2 допты қабылдаушы команда допты ойнатуда жеңсе, ол допты ойынға қосу құқығына ие болады және тікелей орындау алдында ротация жасайды. Алдыңғы оң жақ позициядан артқы оң жақ позицияға ауысқан ойыншы допты ойынға қосады.

6.1.3, 7.6.2

12.3 ДОП БЕРІСКЕ РҰҚСАТ БЕРУ

Бірінші төреші екі команданың да ойынға дайын екендігін және допты ойынға қосушының иелігінде екенін тексергеннен кейін доп беріске рұқсат береді.

12, D11 (1)

12.4 ДОП БЕРІСТІ ОРЫНДАУ

D11 (10)

12.4.1 Допты бір қолмен не қолдың кез келген бөлігімен, оны жоғары лақтырғаннан не қолдан жібергеннен кейін ұру керек.

12.4.2 Допты бір рет қана лақтыруға не қолдан жіберуге рұқсат етіледі. Допты жерге ұруға не қолда қозғалтуға рұқсат беріледі.

12.4.3 Допты ұру сәтінде не секіріп барып қосу үшін серпілгенде, ойыншы алаңға (соның ішінде соңғы сызыққа) не ойынға қосу аймағынан тыс еденге тимеуге тиіс.

1.4.2, 29.2.1.4, D11 (22), D12 (4)

Ұрғаннан кейін ол ойынға қосу аймағынан тыс жерге не алаңның ішіне қадам баса алады не қона алады.

12.4.4 Ойыншы бірінші төреші ысқырық бергеннен кейін 8 секунд ішінде допты ұруға тиіс.

12.3, D11 (11)

12.4.5 Төрешінің ысқырығына дейін доп берілсе, ол есепке алынбай, қайта ойнатылады.

12.3

12.5 ТОСҚАУЫЛ

D6, D11 (12)

12.5.1 Допты ойынға қосушы команданың ойыншылары жеке не команда болып тосқауыл қойып қарсыласына доптың ұрылу сәтін және оның ұшу траекториясын көруге кедергі келтірмеуге тиіс.

12.5.2

12.5.2 Допты ойынға қосушы команданың бір не бір топ ойыншысы допты ойнатқанда қолын сермеу, секіру не жан-жаққа қозғалу арқылы, не болмаса доп тордың тік жазықтығына жеткенше соққы сәті мен доптың ұшу жолын жауып тұру үшін топтасып тұрып тосқауыл жасайды. Осы екеуінің бірі қабылдаушы командаға көрініп тұрса, бұл тосқауыл болып саналмайды.

12.4, D6

12.5.3	Допты ойынға қосушы команданың кез келген ойыншысына допты ойнатқанда, доп тордан өткенге дейін қолдарын бастан жоғары көтеруге тыйым салынады. Бірінші төреші, команда әдейі тосқауыл жасап жатыр деп күдіктенсе, ойын капитаны арқылы командаға ескерту жасауға (кеңес беруге) құқылы.	12.4, 12.5.2, D6, D11 (12)
12.6 ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСУ КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛЕР		
12.6.1	Допты ойынға қосудағы қателер. Төмендегі қателер, тіпті қарсылас команда өз позициясында тұрмаса да, допты ойынға қосу құқығының ауысуына әкеп соғады. Ойыншы:	12.2.2.2, 12.7.1
12.6.1.1	допты ойынға қосу кезегін бұзса,	12.2
12.6.1.2	допты ойынға дұрыс қоспаса.	12.4
12.6.2	Доп беріс кезінде жасаған соққыдан кейінгі қателер. Доп дұрыс ұрылғаннан кейін, келесі жағдайларда доп беріс қате деп есептеледі (ойыншы өз позициясында тұрмаған жағдайды қоспағанда), доп:	12.4, 12.7.2
12.6.2.1	допты ойынға қосушы команданың ойыншысына тисе немесе тордың тік жазықтығын өтпелі кеңістік арқылы толығымен кесіп өте алмаса;	8.4.4, 8.4.5, 10.1.1, D11 (19)
12.6.2.2	«алаңнан тыс» кетсе;	8.4, D11 (15)
12.6.2.3	тосқауылдың үстінен өтсе.	12.5, D11 (12)
12.7 ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСУДАҒЫ ЖӘНЕ ПОЗИЦИЯЛЫҚ ҚАТЕЛЕР		
12.7.1	Допты ойынға қосушы соққы жасау сәтінде қате жіберсе (дұрыс орындамау, ауысу кезегін бұзу және т.б.), ал қарсылас өз позициясында тұрмаған болса, онда допты ойынға қосудағы қате тіркеледі.	7.5.1, 7.5.2, 12.6.1
12.7.2	Керісінше, допты ойынға қосу дұрыс орындалып, бірақ кейіннен қатеге ұласса (алаңнан тыс кетсе, тосқауылдың үстінен өтсе және т.б.), бірінші позициялық қате болып саналады және оған шара қолданылады.	7.5.3, 12.6.2
13 ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫ		
13.1 ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ		
13.1.1	Доп берісті және тойтаруды қоспағанда, допты қарсыласқа қарай бағыттайтын барлық әрекет шабуыл соққылары болып саналады.	12, 14.1.1
13.1.2	Шабуыл соққысы кезінде допты саусақ ұшымен бағыттауға доп таза ұрылғанда және ұстап алынбаған не лақтырылмаған жағдайда ғана рұқсат етіледі.	9.2.2
13.1.3	Шабуыл соққысы доп тордың тік жазықтығын толығымен кесіп өткен не қарсыласқа тиген сәтте аяқталды деп есептеледі.	
13.2 ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫНА ШЕКТЕУЛЕР		
13.2.1	Алдыңғы шептегі ойыншы, өз ойын кеңістігінде допқа жанасса, кез келген биіктіктен шабуыл соққысын аяқтай алады (13.2.4 және 13.3.6 ережелерін қоспағанда).	7.4.1.1

13.2.2	Артқы шептегі ойыншы алдыңғы аймақтың сыртынан (артынан) кез келген биіктіктен шабуыл соққысын аяқтай алады:	1.4.1, 7.4.1.2, 19.3.1.2, D8
13.2.2.1	серпілу (секіру) сәтінде ойыншының табаны (екі табаны) шабуыл сызығына тимеуге және одан аспауға тиіс;	1.3.4
13.2.2.2	соққы жасағаннан кейін ойыншы алдыңғы аймаққа қона алады.	1.4.1
13.2.3	Артқы шептегі ойыншы, жанасу сәтінде доптың бір бөлігі тордың жоғарғы жиегінен төмен болса, алдыңғы аймақтан да шабуыл соққысын аяқтай алады.	1.4.1, 7.4.1.2, D8
13.2.4	Ешбір ойыншыға ҚАРСЫЛАСТЫҢ допты ойынға қосуына, доп алдыңғы аймақта болса және толығымен тордың жоғарғы жиегінен биік тұрса, шабуыл соққысын жасауға рұқсат етілмейді.	1.4.1
13.3 ШАБУЫЛ СОҚҚЫСЫ КЕЗІНДЕГІ ҚАТЕЛЕР		
13.3.1	Ойыншы допты қарсылас команданың ойын кеңістігінде ұрса.	13.2.1, D11 (20)
13.3.2	Ойыншы допты «алаңнан тыс» ұрса.	8.4, D11 (15)
13.3.3	Артқы шептің ойыншысы алдыңғы аймақтан шабуыл соққысын аяқтаған кезде, соққы сәтінде доп толығымен тордың жоғарғы жиегінен биік болса.	1.4.1, 7.4.1.2, 13.2.3, D11 (21)
13.3.4	Ойыншы қарсыластың доп берісіне шабуыл соққысын аяқтаған кезде, доп алдыңғы аймақта және толығымен тордың жоғарғы жиегінен биік болса.	1.4.1, 13.2.4, D11 (21)
13.3.5	Либеро шабуыл соққысын аяқтаған кезде, соққы сәтінде доп толығымен тордың жоғарғы жиегінен биік болса.	19.3.1.2, 23.3.2.3d, D11 (21)
13.3.6	Ойыншы өз командасының либеросы алдыңғы аймақта саусақпен жоғарыдан берген пасынан кейін, тордың жоғарғы жиегінен биік деңгейде шабуыл соққысын аяқтаса.	1.4.1, 19.3.1.4, 23.3.2.3e, D11 (21)
14 ТОЙТАРУ		
14.1 СОҚҚЫНЫ ТОЙТАРУ		
14.1.1	Соққыны тойтару — бұл торға жақын тұрған ойыншылардың доппен жанасу биіктігіне қарамастан, тордың жоғарғы жиегінен жоғары қол созу арқылы қарсыластан келе жатқан допты тосу әрекеті. Алдыңғы шептегі ойыншыларға ғана тойтаруды аяқтауға рұқсат етіледі, бірақ доппен жанасу сәтінде дененің бір бөлігі тордың жоғарғы жиегінен биік болуға тиіс.	7.4.1.1
14.1.2	Тойтару әрекеті Тойтару әрекеті — бұл допқа тимей-ақ жасалған тойтару қимылы.	

14.1.3	Аяқталған тойтару Тойтарушы допқа тиген кезде тойтару аяқталған деп есептеледі.	D7
14.1.4	Команда болып тойтару Команда болып тойтару бір-біріне жақын тұрған екі немесе үш ойыншымен орындалады және олардың біреуі допқа тиген кезде аяқталды деп саналады.	
14.2	ТОЙТАРУ КЕЗІНДЕГІ ЖАНАСУ	
	Доппен бірінен соң бірі болатын (жылдам және үздіксіз) жанасу бір не бірнеше тойтарушыда болуы мүмкін, бұл жанасу бір әрекет кезінде жасалса.	9.1.1, 9.2.3
14.3	ҚАРСЫЛАС КЕҢІСТІГІНДЕ ТОЙТАРУ	D11 (20)
	Тойтару кезінде ойыншы қарсыластың ойынына кедергі келтірмесе, өз қолы мен білегін тордың арғы бетіне өткізе алады. Осылайша, қарсылас шабуыл соққысын орындағанға дейін тордың арғы бетіндегі допқа тиюге рұқсат етілмейді.	13.1.1
14.4	ТОЙТАРУ ЖӘНЕ КОМАНДА БОЛЫП ЖАНАСУ	
14.4.1	Тойтарудағы жанасу команда болып жанасу ретінде есептелмейді. Тиісінше, тойтарудағы жанасудан кейін команданың допты қайтару үшін үш жанасуға құқығы бар.	9.1, 14.4.2
14.4.2	Тойтарудан кейінгі бірінші жанасуды кез келген ойыншы, соның ішінде тойтару кезінде допқа тиген ойыншы да орындай алады.	14.4.1
14.5	ДОП БЕРІСТІ ТОЙТАРУ	12, D11 (12)
	Қарсыластың доп берісін тойтаруға тыйым салынады.	
14.6	СОҚҚЫНЫ ТОЙТАРУДАҒЫ ҚАТЕЛЕР	D11 (20)
14.6.1	Тойтарушы қарсыластың шабуыл соққысына дейін ҚАРСЫЛАС кеңістігіндегі допқа тисе.	14.3
14.6.2	Артқы шептегі ойыншы немесе либеро тойтаруды аяқтаса не аяқталған тойтаруға қатысса.	14.1, 14.5, 19.3.1.3
14.6.3	Қарсыластың доп берісін тойтару.	14.5, D11 (12)
14.6.4	Доп блоктан «алаңнан тыс» кетсе.	8.4
14.6.5	Қарсылас кеңістігінде антеннадан тыс жерде допты тойтарса.	
14.6.6	Либеро жеке не топталып тойтаруға әрекет жасаса.	14.1.1, 19.3.1.3

5-ТАРАУ

ҮЗІЛІС, ОЙЫНДЫ КІДІРУ, ИНТЕРВАЛ

		Ережелермен танысыңыз
15	ҮЗІЛІС	
	<p>Үзіліс — бұл аяқталған бір ойнату мен келесі допты ойынға қосуға берілетін бірінші төрешінің ысқырығы арасындағы уақыт.</p> <p>Ойынның жалғыз тұрақты үзілістері — ТАЙМ-АУТ және ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ.</p>	6.1.3, 8.1, 8.2, 15.4, 15.5, 24.2.6
15.1	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІСТЕР САНЫ	
	Өр команда әр кезеңде ең көп дегенде екі тайм-аут және алты ойыншы ауыстыруды сұрай алады	6.2, 15.4, 15.5
15.2	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІСТЕР РЕТТІЛІГІ	
15.2.1	Бір үзіліс кезінде кез келген команда бір не екі тайм-аутты және бір рет ойыншы ауыстыруды бірінен соң бірін сұрай алады.	15.4, 15.5
15.2.2	Дегенмен командаға бір үзіліс ішінде ойыншы ауыстыруға екі рет бөлек сұраныс жасауға рұқсат етілмейді. Бір сұраныс аясында бір уақытта екі не одан да көп ойыншыны ауыстыруға болады.	15.5, 15.6.1
15.2.3	Бір команданың екі бөлек ауыстыру сұранысының арасында міндетті түрде доп ойнату аяқталуға тиіс. (Ерекшелік: жарақат алуға не ойыннан шығаруға/шеттетілуге байланысты мәжбүрлі алмастыру (15.5.2, 15.7, 15.8)).	6.1.3, 15.5
15.2.4	Команданың үзіліске сұранысы қабылданбай, сол үзіліс кезінде «ойынды кешіктіргені үшін» ескерту алса, келесі доп ойнату аяқталғаннан дейін ешқандай тұрақты ойын үзілісін сұрауға рұқсат етілмейді.	16.1.2
15.3	ҚАЛЫПТЫ ҮЗІЛІС СҰРАТУ	
15.3.1	Қалыпты ойын үзілісін бапкер, ал ол болмаған жағдайда бапкер көмекшісі не ойын капитаны ғана сұрай алады.	5.1.2.3, 5.2.3.3, 5.3.2, 15
15.3.2	Кезең басталғанға дейін ойыншы ауыстыруға рұқсат етіледі және ол сол кезеңдегі қалыпты ауыстыру ретінде тіркелуге тиіс.	7.3.4

15.4	ТАЙМ-АУТ	
15.4.1	<p>Тайм-аутқа сұраныс доп ойыннан тыс кезде және допты ойынға қосуға ысқырық берілгенге дейін, тиісті қол ишарасын көрсетіп жасалуы керек. Барлық сұралған тайм-аут 30 секундқа созылады.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстар үшін ұйымдастырушының өтінішіне қарай FIVB мақұлдаса, тайм-ауттың ұзақтығы өзгертілуі мүмкін.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда тайм-аут сұрау үшін алдымен дыбыс белігісі пайдалану, кейін қол белігін көрсету міндетті.</p>	6.1.3, 8.2, 12.3, D11 (4)
15.4.2	Барлық тайм-аут кезінде алаңдағы ойыншылар өздерінің қосалқы ойыншылар орнына жақын орналасқан еркін аймаққа баруға тиіс.	D1a
15.5	ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ	
15.5.1	Ойыншы ауыстыру — бұл либеродан не оның орнына шыққан ойыншыдан басқа ойыншының, хатшы тіркегеннен кейін сол сәтте алаңнан шығуға тиіс басқа ойыншының орнына ойынға кіру әрекеті.	19.3.2.1, D11 (5)
15.5.2	Ауыстыру алаңдағы ойыншының жарақат алуына байланысты мәжбүрлі түрде жасалса, бұл әрекет бапкердің (не ойын капитанының) тиісті қол белгісін көрсетуімен қатар жүруі мүмкін.	5.1.2.3, 5.2.3.3, 6.1.3, 8.2, 12.3, D11 (5)
15.6	ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ШЕКТЕУЛЕР	
15.6.1	Бастапқы құрамдағы ойыншы кезең кезінде ойыннан шыға алады, бірақ бір кезеңде бір рет қана. Ол ойынға қайта кіре алады, бірақ бір кезеңде бір рет және тізімдемедегі өзінің бұрынғы позициясына ғана.	7.3.1
15.6.2	Қосалқы ойыншы бастапқы құрамдағы ойыншының орнына ойынға кіре алады, бірақ бір кезеңде бір рет қана. Сондай-ақ оны өзі орнына шыққан сол бастапқы құрам ойыншысы ғана ауыстыра алады.	7.3.1
15.7	ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДА ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ	
<p>Жарақатына/ауырып қалуына не ойыннан шығарылуына/шеттетілуіне байланысты ойынды жалғастыра алмайтын ойыншы (либеродан басқа) ережеге сай ауыстырылуға тиіс. Мүмкін болмаса, команда 15.6-ережедегі шектеулерден тыс ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ауыстыру жасауға құқылы.</p>	15.6, 19.4.3, 21.3.2, 21.3.3, D11 (5)	
<p>Ерекше жағдайдағы ауыстыру дегеніміз — жарақат алу/ауырып қалу/ойыннан шығару/шеттетілу сәтінде алаңда болмаған кез келген ойыншы (либероны, екінші либероны немесе оларды тұрақты ауыстыратын ойыншыны қоспағанда) аталған ойыншының орнына шыға алады. Ерекше жағдайдағы ауыстыру арқылы ойыннан шыққан ойыншыға сол матчқа қайта қатысуға рұқсат етілмейді.</p>		

Ерекше жағдайдағы алмастыру ешбір жағдайда тұрақты ауыстыру ретінде есептелмейді, бірақ ол хатшының парағында кезеңдегі және матчтағы жалпы ауыстырулар санының бөлігі ретінде жазылуға тиіс.

15.8 АЛАҢНАН ҚҰЫЛҒАН НЕ ШЕТТЕТІЛГЕН ОЙЫНШЫНЫ АУЫСТЫРУ

Ойыннан ШЫҒАРЫЛҒАН не ШЕТТЕТІЛГЕН ойыншы дереу ережеге сай (заңды) алмастырылуға тиіс. Мүмкін болмаса, команда ерекше жағдайдағы ауыстыруды жасауға құқылы. Бұл да мүмкін болмаса, команда **ТОЛЫҚ ЕМЕС** деп жарияланады.

6.4.3, 7.3.1,
15.6, 15.7,
21.3.2,
21.3.3, D11 (5)

15.9 ОЙЫНШЫНЫ ЕРЕЖЕГЕ ҚАРСЫ АУЫСТЫРУ

15.9.1 Ауыстыру 15.6-ережесінде көрсетілген шектеулерден асып кетсе (15.7-ережесіндегі жағдайды қоспағанда) не оған тіркелмеген ойыншы қатысса, ол ережеге қарсы болып саналады.

15.9.2 Команда ережеге қарсы ауыстыру жасап, ойын қайта жалғасса, келесі процедуралар кезек-кезегімен қолданылады:

8.1, 15.6

15.9.2.1 командаға айыппұл ретінде ұпай беріліп, доп беріс құқығы қарсыласқа өтеді,

6.1.3

15.9.2.2 ауыстыру ретке келтірілуге тиіс,

15.9.2.3 қате жіберілген сәттен бастап кінәлі команда жинаған барлық ұпай жойылады; қарсыластың ұпайлары күшінде қалады.

15.10 ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ РӘСІМІ

15.10.1 Ауыстыру міндетті түрде ауыстыру аймағында жүзеге асырылуға тиіс.

1.4.3, D1b

15.10.2 Ауыстыру оны хатшының парағына тіркеуге және ойыншылардың алаңға кіріп-шығуына қажетті уақытқа ғана созылуы керек.

15.10, 24.2.6,
25.2.2.3

15.10.3.1 Ауыстыру туралы нақты сұраныс — үзіліс кезінде қосалқы ойыншының (ойыншылардың) ойынға дайын күйде ауыстыру аймағына кірген сәтінен басталады. Бапкерге ауыстыру туралы қол белгісін көрсетудің қажеті жоқ (жарақат алған жағдайда не кезең басталғанға дейінгі ауыстыруды қоспағанда).

15.10.3.2 Ойыншы сұраныс жасалған сәтте дайын болмаса, ауыстыруға рұқсат берілмейді және командаға ойынды кешіктіргені үшін шара қолданылады.

16.2, D9

15.10.3.3 Ауыстыру туралы сұранысты хатшы (дыбыс белгісін көрсетіп) не екінші төреші (ысқырып) қабылдап, хабарлайды. Екінші төреші ауыстыруға рұқсат береді.

24.2.6

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда ауыстыруды жеңілдету үшін нөмірленген тақтайша қолданылады (деректерді хатшыға беру үшін электронды құрылғы қолданылатын жағдайларды қоспағанда).

15.10.4	Команда бір уақытта бірнеше ауыстыру жасауды жоспарласа, барлық қосалқы ойыншы бір сұраныс ретінде есептелуі үшін ауыстыру аймағына бір мезгілде кіруге тиіс. Бұл жағдайда ауыстыру бірінен соң бірі, бір жұп ойыншыдан кейін келесі жұп ретімен орындалуы керек. Ауыстырулардың бірі заңсыз болса, заңдыларына рұқсат беріледі, ал заңсызы қабылданбайды және ол үшін кідіру шарасы қолданылады.	1.4.3, 15.2.2
15.11 ҚАТЕ СҰРАНЫС		
15.11.1	Тұрақты ойын үзілісін келесі жағдайларда сұрау орынсыз:	15
15.11.1.1	1 допты ойнатқанда не допты ойынға қосуға ысқырық берілген сәтте не одан кейін,	12.3
15.11.1.2	өкілеттігі жоқ команда мүшесінен,	5.1.2.3, 5.2.3.3
15.11.1.3	бір үзіліс ішінде (яғни келесі аяқталған доп ойнатуға дейін) сол команданың екінші рет ойыншы ауыстыруды сұрауы, бұған алаңдағы ойыншының жарақат алуы/ауыруы/ойыннан шығарылуы/ шеттетілуі жағдайлары жатпайды,	15.2.2, 15.2.3, 15.8, 16.1, 25.2.2.6
15.11.1.4	рұқсат етілген тайм-ауттар мен ауыстырулар саны таусылғаннан кейін.	15.1
15.11.2	Ойынға әсер етпейтін не оны кешіктірмейтін, команданың матчтағы алғашқы орынсыз сұранысы қабылданбайды, бірақ ол ешқандай салдарсыз хатшының парағына жазылуға тиіс.	16.1, 25.2.2.6
15.11.3	Сол командадан матч барысында қайталанған кез келген орынсыз сұраныс ойынды кідіру болып есептеледі.	16.1.4, D11 (25)
16 ОЙЫНДЫ КІДІРУ		
16.1 КІДІРУ ТҮРЛЕРІ		
	Ойынның қайта басталуын тежейтін команданың кез келген орынсыз әрекеті кідіру болып саналады. Оған, атап айтқанда, мыналар жатады:	
16.1.1	тұрақты ойын үзілістерін әдейі созу;	15.10.2
16.1.2	ойынды қайта бастау туралы нұсқау алғаннан кейін үзілісті ұзарту;	15
16.1.3	заңсыз ауыстыруды сұрау;	15.9
16.1.4	орынсыз сұранысты қайталау;	15.11.3
16.1.5	команда мүшесінің ойынды кешіктіруі.	
16.2 КІДІРУ ҮШІН ЖАСАЛАТЫН ШАРАЛАР		
16.2.1	«Ойынды кідіргені үшін ескерту» және «ойынды кідіргені үшін шара қолдану» — командалық шара.	D9
16.2.1.1	Кідіру шаралары бүкіл матч бойы күшінде сақталады.	6.3
16.2.1.2	Барлық кідіру шарасы хатшының парағына жазылады.	25.2.2.6

16.2.2	Команда мүшесінің матчтағы алғашқы кідіруіне «ОЙЫНДЫ КЕШІКТИРГЕНІ ҮШІН ЕСКЕРТУ» шарасы қолданылады.	4.1.1, D11 (25)
16.2.3	Сол матчта сол команданың кез келген мүшесі жасаған екінші және одан кейінгі кез келген түрдегі кідірулер қате болып саналады және оларға «ОЙЫНДЫ КЕШІКТИРГЕНІ ҮШІН ШАРА» қолданылады. Қарсыласқа бір ұпай беріледі және допты ойынға қосу құқығы өтеді.	6.1.3, D11 (25)
16.2.4	Кезеңдердің алдында не арасында салынған кідіру шаралары келесі кезеңде қолданылады.	18.1

17 ЕРЕЖЕДЕН ТЫС ОЙЫН ҮЗІЛІСТЕРІ

17.1 ЖАРАҚАТ/ АУРУ

17.1.1	<p>Доп ойында болған кезде ауыр жазатайым оқиға орын алса, төреші ойынды дереу тоқтатып, медициналық көмек көрсетушілердің алаңға кіруіне рұқсат беруге тиіс</p> <p>Бұл жағдайда доп ойнату қайта ойнатылады.</p>	8.1
17.1.2	<p>Жарақат алған/ауырып қалған ойыншыны ережеге сай не ерекше жағдайда ауыстыру мүмкін болмаса, ойыншыға қатардан шықпай, қалпына келуі үшін 3 минут уақыт беріледі. Мұндай мүмкіндік бір матчта бір ойыншыға бір-ақ рет беріледі.</p> <p>Ойыншы осы уақыт ішінде қалпына келмесе, оның командасы ТОЛЫҚ ЕМЕС деп жарияланады.</p>	6.1.3 15.6, 15.7, 24.2.8 6.4.3, 7.3.1

17.2 СЫРТҚЫ КЕДЕРГІ

Ойын кезінде қандай да бір сыртқы кедергі орын алса, ойын тоқтатылуға тиіс және доп қайта ойнатылады.	6.1.3, D11 (23)
---	-----------------

17.3 ҰЗАҚ ҮСІЛІСТЕР

17.3.1	Күтпеген жағдай матчтың тоқтатылуына әкеп соқса, бірінші төреші, ұйымдастырушы, Бақылау комитеті (егер ол болса) қалыпты жағдайды қалпына келтіру үшін қажетті шараларды анықтайды.	23.2.3
17.3.2	Бір не бірнеше үзіліс орын алса және олардың жалпы ұзақтығы 4 сағаттан аспаса:	17.3.1
17.3.2.1	матч сол ойын алаңында қайта басталса, тоқтатылған кезең сол ұпаймен, сол ойыншылармен (ойыннан шығарылғандарды не шеттетілгендерді қоспағанда) және сол позициялармен қалыпты түрде жалғасады. Алдында ойналған кезеңдердің нәтижесі сақталады;	1, 7.3
17.3.2.2	матч басқа ойын алаңында қайта басталса, тоқтатылған кезең жойылып, сол команда мүшелерімен және сол бастапқы құраммен (ойыннан шығарылғандарды не шеттетілгендерді қоспағанда) қайта ойнатылады. Барлық шара туралы жазба сақталады. Алдында ойналған кезеңдердің нәтижесі сақталады.	7.3, 21.4.1, D9

- 17.3.3 Бір не бірнеше үзілісің жалпы ұзақтығы 4 сағаттан асып кетсе, бүкіл матч қайта ойнатылады.

18 ИНТЕРВАЛ ЖӘНЕ АЛАҢ АУЫСТЫРУ

18.1 ИНТЕРВАЛ

Интервал — бұл кезеңдер арасындағы үзіліс уақыты. Барлық интервал үш минутқа созылады.

4.2.4

Осы уақыт аралығында алаңдарды ауыстыру және командалардың хатшы парағына құрамдар тіркеледі.

7.3.2, 18.2,
25.2.1.2

Екінші және үшінші кезеңдер арасындағы интервал, ұйымдастырушының өтініші бойынша құзырлы органның шешімімен 10 минутқа дейін ұзартылуы мүмкін.

18.2 АЛАҢ АУЫСТЫРУ

D11 (3)

- 18.2.1 Өр кезеңнен кейін командалар алаңын ауыстырады. Бұған шешуші кезең жатпайды.

7.1

- 18.2.2 Шешуші кезеңде көшбасшы команда 8 ұпайға жеткен бойда, командалар кідіріссіз алаңын ауыстырады. Осы кезде ойыншылардың позициялары сол қалпында қалады.

6.3.2, 7.4.1,
25.2.2.5

Көшбасшы команда 8 ұпайға жеткенде алаң ауыстырылмаса, ол қате байқалған бойда дереу жүзеге асырылады. Алаң ауыстыру кезіндегі есеп сол қалпында сақталады.



6-ТАРАУ ЛИБЕРО

		Ережелермен танысыңыз
19	ЛИБЕРО	
19.1	ЛИБЕРОНЫ ТАҒАЙЫНДАУ	5
19.1.1	<p>Әр команда хатшы парағындағы ойыншылар тізімінен екіге дейін қорғаушы ойыншы — либероны тағайындауға құқылы.</p> <p>FIVB, әлемдік, ересектер арасындағы ресми жарыстарда, команданың хатшы парағында 12-ден астам ойыншы тіркелсе, команда тізімінде ЕКІ либероның болуы міндетті.</p>	4.1.1
19.1.2	Барлық либеро хатшы парағында соған арнайы бөлінген жолдарға жазылуға тиіс.	5.2.2, 25.2.1.1, 28.2.1.1
19.1.3	<p>Алаңдағы либеро — әрекет етуші либеро. Тағы бір либеро болса, ол команданың екінші либеросы болып саналады.</p> <p>Кез келген уақытта алаңда бір-ақ либеро бола алады.</p>	
19.2	КИІМ ҮЛГІСІ	4.3
	<p>Либеро ойыншысы (ойыншылары) команданың қалған мүшелерінің киімінен басым түсі өзгеше форма (не қайта тағайындалған либеро үшін жилет/кеудеше) киюге тиіс. Форма команданың қалған бөлігінен айқын ерекшеленуі керек. Екі либероның да формалары бір-бірінен және команданың қалған мүшелерінен өзгеше болуы мүмкін.</p> <p>Либероның формасы команданың басқа мүшелері сияқты нөмірленуге тиіс.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда қайта тағайындалған либеро, мүмкіндігінше, бастапқы либеромен бірдей стильдегі және түстегі жейде киюі керек, бірақ өзінің жеке нөмірін сақтап қалуға тиіс.</p>	
19.3	ЛИБЕРОНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ	
19.3.1	Ойын әрекеттері:	
19.3.1.1	Либероға артқы шептегі кез келген ойыншыны алмастыруға рұқсат етіледі.	7.4.1.2
19.3.1.2	Оның әрекеттері артқы шеп ойыншысының функцияларымен шектеледі. Жанасу сәтінде доп толықтай тордың жоғарғы жиегінен биік болса, оған кез келген жерден (ойын алаңы мен еркін аймақты қоса алғанда) шабуыл соққысын аяқтауға рұқсат етілмейді.	13.2.2, 13.2.3, 13.3.5
19.3.1.3	Оған допты ойынға қосуға, тойтаруға не тойтаруға әрекет жасауға болмайды.	12.4.1, 14.6.2, 14.6.6, D11 (12)

19.3.1.4	Доп алдыңғы аймақтағы либероның жоғарыдан саусақпен берген пасынан келсе, доп толықтай тордың жоғарғы жиегінен биік болған кезде ойыншы шабуыл соққысын аяқтай алмайды. Либеро дәл осындай әрекетті өзінің алдыңғы аймағынан тыс жерде жасаса, доппен еркін шабуылдауға болады.	1.4.1, 13.3.6, 23.3.2.3d, e, D1b
19.3.2	Либероны ауыстыру	
19.3.2.1	Либероны ауыстыру кәдімгі ойыншы ауыстыру ретінде есептелмейді. Олардың санына шектеу қойылмайды, бірақ екі либеро ауыстыруының арасында аяқталған бір доп ойнату болуға тиіс (шара салдарынан команда ротация жасап, либеро төртінші позицияға ауысуға мәжбүр болған не әрекет етуші либеро ойынды жалғастыра алмай, доп ойнату аяқталмай қалған жағдайларды қоспағанда).	6.1.3, 15.5
19.3.2.2	Тұрақты алмастырушы ойыншы кез келген либероны ауыстыра алады не оны олардың кез келгені ауыстыра алады. Әрекет етуші либероны сол позициядағы тұрақты ауыстырушы ойыншы не екінші либеро ғана ауыстыра алады.	
19.3.2.3	Әр кезеңнің басында екінші төреші бастапқы құрамды тексеріп болғанша және либероның бастапқы құрам ойыншысын ауыстыруына рұқсат бергенше, либеро алаңға кіре алмайды.	7.3.2, 12.1
19.3.2.4	Либероны ауыстырудың басқа жағдайлары доп ойыннан тыс кезде және допты ойынға қосуға ысқырық берілгенге дейін орындалуға тиіс.	8.2, 12.3
19.3.2.5	Либероны ауыстыру доп беріске ысқырық берілгеннен кейін, бірақ доп беріс соққысына дейін жасалса, ол тоқтатылмайды. Дегенмен доп ойнату аяқталған соң команда капитанына бұл процедураға рұқсат етілмейтіні және оның қайталануы ойынды кешіктіру шараларына әкеп соғатыны ескертілуге тиіс.	12.3, 12.4, D9
19.3.2.6	Либероны бұдан кейінгі кешіктіріп ауыстырулар ойынның дереу тоқтатылуына және кешіктіру шарасына әкеп соғады. Келесі болып допты ойынға қосатын команда кешіктіру шарасының деңгейіне қарай анықталады.	16.2, D9
19.3.2.7	Либеро мен оны ауыстырушы ойыншы алаңға либероны ауыстыру аймағы арқылы кіріп-шыға алады.	1.4.4, D1b
19.3.2.8	Либероны ауыстыру әрекеттері либероны бақылау парағында (егер ол қолданылса) не электронды хатшы парағында тіркелуге тиіс.	28.2.2.1, 28.2.2.2
19.3.2.9	Заңсыз либеро ауыстыруна (басқа жағдайлармен қатар) мыналар жатады: – либеро ауыстырулары арасында аяқталған доп ойнатудың болмауы, – либероны екінші либеродан не тұрақты ауыстырушы ойыншыдан басқа ойыншының ауыстыруы. Заңсыз либеро ауыстыруы заңсыз ойыншы ауыстыру сияқты қарастырылуға тиіс: заңсыз либеро ауыстыруы келесі доп ойнату басталғанға дейін байқалса, төрешілер оны түзетеді және командаға кідіру шарасы қолданылады;	6.1.3 15.9 15.9 D9

заңсыз либеро ауыстыруы допты ойынға қосу соққысынан кейін байқалса, оның салдары заңсыз ойыншы ауыстырумен бірдей болады.

15.9

19.4 ЖАҢА ЛИБЕРОНЫ ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАУ

19.4.1	<p>Либеро жарақат алса, ауырып қалса, ойыннан шығарылса не шеттетілсе, ол ойынды жалғастыра алмайтын болып есептеледі.</p> <p>Либероны кез келген себеппен ойынды жалғастыра алмайды деп бапкер, ал ол болмаған жағдайда — бапкер көмекшісі не команда капитаны жариялай алады.</p>	21.3.2, 21.3.3, D9 5.1.2.1, 5.1.2.3, 5.2.1
19.4.2	<p>Бір либеросы бар команда</p>	
19.4.2.1	<p>19.4.1-ережесіне сәйкес командада бір ғана либеро болса не бір либеро тіркеліп, ол ойынды жалғастыра алмайтын болса не солай деп жарияланса, бапкер (ол болмағанда көмекшісі не капитан) матчтың қалған бөлігіне либеро ретінде қайта тағайындау сәтінде алаңда болмаған кез келген басқа ойыншыны (тұрақты ауыстырушы ойыншыны қоспағанда) тағайындай алады.</p>	5.1.2.3, 19.4, 19.4.1
19.4.2.2	<p>Әрекет етуші либеро ойынды жалғастыра алмаса, ол тұрақты ауыстырушы ойыншымен не дереу әрі тікелей алаңда қайта тағайындалған либеромен ауыстырылуы мүмкін. Алайда қайта тағайындауға себеп болған либеро матчтың соңына дейін ойынға қатыса алмайды.</p> <p>Либеро ойынды жалғастыра алмайды деп жарияланған сәтте алаңда болмаса да, ол қайта тағайындау нысаны бола алады. Ойынды жалғастыра алмайды деп жарияланған либеро матчтың соңына дейін ойынға қатыса алмайды.</p>	
19.4.2.3	<p>Бапкер, ол болмаған жағдайда көмекшісі не ойын капитаны екінші төрешіге хабарласып, қайта тағайындау туралы мәлімдейді.</p>	5.1.2.1, 5.1.2.3, 5.2.1
19.4.2.4	<p>Қайта тағайындалған либеро да ойынды жалғастыра алмайтын болса, одан әрі қайта тағайындауларға рұқсат беріледі.</p>	19.4.1
19.4.2.5	<p>Бапкер ойын капитанын жаңа либеро ретінде қайта тағайындауды сұраса, бұған рұқсат беріледі.</p>	5.1.2, 19.4.1
19.4.2.6	<p>Либеро ретінде қайта тағайындалған ойыншының нөмірі хатшы парағының «Ескертулер» бөлімінде және либероны бақылау парағында (не электронды хатшы парағында) жазылуға тиіс.</p>	27.2.2.7, 28.2.2.1
19.4.3	<p>Екі либеросы бар команда</p>	
19.4.3.1	<p>Команда хатшы парағына екі либеро тіркеп, оның біреуі ойынды жалғастыра алмайтын болса, команда бір либеромен ғана ойынды жалғастыруға құқылы. Қалған либеро да матчты жалғастыра алмайтын жағдайға жетпейінше, жаңадан қайта тағайындауға рұқсат берілмейді.</p>	4.1.1, 19.1.1
		19.4

19.5 ТҮЙІНДЕМЕ

Либеро ойыннан шығарылса не шеттетілсе, ол дереу команданың екінші либеросымен ауыстырылуы мүмкін. Командада бір-ақ либеро болса, онда оның жаңа либероны қайта тағайындауға құқығы бар.

19.4, 21.3.2,
21.3.3



7-ТАРАУ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ТӘРТІБІ

Ережелермен
танысыңыз

20 ТӘРТІПКЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

20.1 СПОРТШЫНЫҢ ТӘРТІБІ

20.1.1 Қатысушылар «Ресми волейбол ережелерін» білуге және оларды қатаң сақтауға тиіс.

20.1.2 Қатысушылар төрешілердің шешімін спорт әдебімен, оларға дауласпай қабылдауы керек.

Күмәнді жағдайларда түсініктеме алу туралы өтініш ойын капитаны арқылы ғана жасала алады.

20.1.3 Қатысушылар төрешілердің шешіміне әсер етуге не өз командасы жіберген қатені жасыруға бағытталған әрекеттерден не көзқарастардан аулақ болуға тиіс.

5.1.2.1

20.2 ФЕЙР-ПЛЕЙ

20.2.1 Қатысушылар ФЕЙР-ПЛЕЙ (әділ ойын) рухында төрешілерге ғана емес, басқа ресми тұлғаларға, қарсыластарына, командаластарына, көрермендерге де құрметпен және ілтипатпен қарауға тиіс.

20.2.2 Матч кезінде команда мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасауына (сөйлесуіне) рұқсат етіледі.

5.2.3.4

21 ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШАРАЛАРЫ

21.1 КІШІГІРІМ ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ

Кішігірім тәртіп бұзушылыққа шара қолданылмайды. Бірінші төрешінің міндеті — командалардың шара деңгейіне жетуіне жол бермеу.

5.1.2, 21.3

Бұл екі кезеңде жүзеге асырылады:

D9, D11 (6a)

1-кезең: ойын капитаны арқылы ауызша ескерту жасау;

2-кезең: тиісті команда мүшесіне (мүшелеріне) САРЫ ҚАҒАЗ көрсету. Бұл ресми ескертудің өзі — шара емес, бірақ команда мүшесінің (және соған байланысты бүкіл команданың) матчтағы шара деңгейіне жеткендігінің белгісі. Ол хатшы парағына жазылады, бірақ дереу салдары болмайды.

21.2	ШАРА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТӘРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ	
	Команда мүшесінің ресми тұлғаларға, қарсыластарға, командаластарына не көрермендерге қатысты дұрыс емес тәртіп құқық бұзушылықтың ауырлығына қарай үш санатқа бөлінеді.	4.1.1
21.2.1	Әдепсіз тәртіп: жақсы тәртіп не моральдық принциптерге қайшы келетін әрекеттер.	
21.2.2	Қорлаушы тәртіп: жала жабу, балағат сөз не ым-ишаралар, сондай-ақ менсінбеушілікті білдіретін кез келген әрекеттер.	
21.2.3	Озбырлық: нақты физикалық шабуыл не агрессивті, қоқан-лоқы тәртіп.	
21.3	ШАРАЛАР ШҚАЛАСЫ	D9
	Бірінші төрешінің шешімі бойынша және құқық бұзушылықтың ауырлығына байланысты қолданылатын және хатшы парағына жазылатын шаралар: Айып добы, Ойыннан шығару не Шеттету.	21.2, 25.2.2.6
21.3.1	Айып добы	D11 (6b)
	Кез келген команда мүшесінің матч барысындағы бірінші әдепсіз тәртібі үшін қарсылас командаға бір ұпай және допты ойынға қосу құқығы беріледі.	4.1.1, 21.2.1
21.3.2	Ойыннан шығару	D11 (7)
21.3.2.1	Ойыннан шығару шарасы қолданылған команда мүшесі, ол алаңда болса, дереу заңды не ерекше жағдайда ауыстырылуға тиіс. Ол ағымдағы кезеңнің соңына дейін ойынға қатыспайды және ешқандай басқа салдарсыз кезең аяқталғанша команданың киім ауыстыру бөлмесіне кетуі керек.	4.1.1, 5.2.1, 5.3.2, D1a, D1b
	Ойыннан шығарылған бапкер ағымдағы кезеңге араласу құқығынан айырылады және кезең аяқталғанша команданың киім ауыстыру бөлмесіне кетуге тиіс.	5.2.3.3
21.3.2.2	Кез келген команда мүшесінің бірінші рет жасаған қорлаушы тәртібі ешқандай басқа салдарсыз ойыннан шығарумен жазаланады.	4.1.1, 21.2.2
21.3.2.3	Бір команда мүшесінің сол матчтағы екінші әдепсіз тәртібі ешқандай басқа салдарсыз ойыннан шығарумен жазаланады.	4.1.1, 21.2.1
21.3.3	Шеттету	D11 (8)
21.3.3.1	Шеттету шарасы қолданылған команда мүшесі, ол алаңда болса, дереу заңды не ерекше жағдайда ауыстырылуға тиіс. Ол матчтың қалған бөлігіне ойыннан шеттетіледі және ешқандай басқа салдарсыз команданың киім ауыстыру бөлмесіне кетуі керек.	4.1.1, D1a
21.3.3.2	Бірінші рет жасалған физикалық шабуыл не озбырлық (жанама не қоқан-лоқы) ешқандай басқа салдарсыз шеттетумен жазаланады.	21.2.3
21.3.3.3	Бір команда мүшесінің сол матчтағы екінші қорлаушы тәртібі ешқандай басқа салдарсыз шеттетумен жазаланады.	4.1.1, 21.2.2

21.3.3.4 Бір команда мүшесінің сол матчтағы үшінші әдепсіз тәртібі ешқандай басқа салдарсыз шеттетумен жазаланады.

4.1.1, 21.2.1

21.4 ТӨРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ШАРАСЫН ҚОЛДАНУ

21.4.1 Барлық тәртіп бұзушылық шарасы — жеке, бүкіл матч бойы күшінде сақталады және хатшы парағына жазылады.

21.3, 25.2.2.6

21.4.2 Бір матчтың ішінде сол команда мүшесінің тәртіп бұзушылықты қайталауы үдемелі түрде жазаланады (әр келесі құқық бұзушылық үшін команда мүшесіне ауырлау шара қолданылады).

4.1.1, 21.2, 21.3, D9

21.4.3 Қорлаушы тәртібі не озбырлық салдарынан ойыннан шығару не шеттету үшін бұрын шара қолданылған болуы міндетті емес.

21.2, 21.3

21.5 КЕЗЕҢДЕР АЛДЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АРАСЫНДАҒЫ ТӨРТІП БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Кезеңдер басталғанға дейін не олардың арасында орын алған кез келген тәртіп бұзушылық 21.3-ережесіне сәйкес жазаланады және шара келесі кезеңде күшіне енеді.

18.1, 21.2, 21.3

21.6 ТӨРТІП БҰЗУШЫЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ҚАҒАЗДАРДЫҢ ЖИЫНТЫҒЫ

Ескерту: шара емес — 1-кезең: ауызша ескерту
2-кезең: нышаны — сары қағаз

D11 (6a, 6b, 7, 8)

Айып добы: шара — қызыл қағаз

21.1

Ойыннан шығару: шара — қызыл және сары қағаздар бірге (бірге көрсетілсе)

21.3.1

Шеттету: шара — қызыл және сары қағаздар бөлек (бөлек көрсетілсе)

21.3.2

21.3.3



2-БӨЛІМ
2-БӨЛІК:
ТӨРЕШІЛЕР,
ОЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ
ЖӘНЕ РЕСМИ ҚОЛ
ИШАРАЛАРЫ

8-ТАРАУ ТӨРЕШІЛЕР

Ережелермен
танысыңыз

22	ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	
22.1	ҚҰРАМЫ	
	<p>Матчты өткізуге арналған төрешілер алқасы келесі ресми тұлғалардан тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Бірінші төреші, 23 – Екінші төреші, 24 – Бейне бақылау төрешісі, 25 – Қосалқы төреші, 26 – Хатшы, 27, 28 – Төрт (не екі) сызық бойындағы төреші. 29 <p>Олардың орналасу тәртібі 10-схемада көрсетілген.</p> <p>FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда Бейне бақылау төрешісі (VCS бейне-қайталау жүйесі қолданылса), Қосалқы төреші, Хатшының көмекшісі болуы міндетті. 25, 26, 28</p>	
22.2	ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	
22.2.1	Матч кезінде бірінші және екінші төреші ғана ысқырық бере алады:	
22.2.1.1	бірінші төреші доп ойнатуға бастайтын доп беріске белгі береді;	6.1.3, 12.3, D11 (1)
22.2.1.2	бірінші не екінші төреші, қатенің жасалғанына және оның сипатын анықтағанына сенімді болса, доп ойнатудың аяқталғаны туралы белгі береді.	
22.2.2	Олар доп ойыннан тыс болған кезде команданың өтінішін қабылдағанын не қабылдамағанын білдіру үшін ысқырық бере алады.	5.1.2, 8.2
22.2.3	Доп ойнатудың аяқталғанын білдіретін төреші ысқырығынан кейін дереу келесі ресми қол ишаралары көрсетілуге тиіс:	22.2.1.2, 30.1
22.2.3.1	қате туралы бірінші төреші ысқырық берсе, ол мына реттілікпен көрсетеді:	12.2.2, D11 (2)
	<ul style="list-style-type: none"> а) допты ойынға қосатын команданы, ә) қатенің сипатын, б) қате жіберген ойыншыны (қажет болған жағдайда). 	

22.2.3.2	Қате туралы екінші төреші ысқырық берсе, ол мыналарды көрсетеді:	
	<p>а) қатенің сипатын, ә) қате жіберген ойыншыны (қажет болған жағдайда), б) бірінші төрешінің қол ишарасынан кейін допты ойынға қосатын команданы.</p>	12.2.2
	Бұл жағдайда бірінші төреші қатенің сипатын да, оны жіберген ойыншыны да көрсетпейді, допты ойынға қосатын команданы ғана көрсетеді.	D11 (2)
22.2.3.3	Артқы сызық ойыншыларының не либероның шабуыл соққысы не тойтару кезіндегі қателері жағдайында қос төреші де жоғарыдағы 22.2.3.1 және 22.2.3.2 тармақтарына сәйкес белгі береді.	12.2.2, 13.3.3, 13.3.5, 19.3.1.2, 23.3.2.3d, e, D11 (21)
22.2.3.4	Қос қате жағдайында қос төреші де мына реттілікпен белгі береді:	17.3, D11 (23)
	<p>а) қатенің сипатын, ә) қате жіберген ойыншыларды (қажет болған жағдайда),</p>	12.2.2, D11 (2)
	Келесі кезекте доп беретін команданы 1-ші төреші көрсетеді.	
23	БІРІНШІ ТӨРЕШІ	
23.1	ОРНАЛАСУЫ	
	Бірінші төреші өз жұмысын тордың бір шетінде, хатшыға қарама-қарсы жақта орналасқан төрешілер тұғырында түрегел тұрып орындайды. Оның көз деңгейі тордың жиегінен шамамен 50 см жоғары болуға тиіс.	D1a, D1b, D10
23.2	ӨКІЛЕТТІЛІГІ	
23.2.1	Бірінші төреші матчты басынан аяғына дейін басқарады. Ол төрешілер алқасының барлық мүшесі мен команда мүшелеріне қатысты өкілеттікке ие.	4.1.1, 6.3
	Матч кезінде оның шешімі — түпкілікті. Төрешілер алқасының басқа мүшелері қателескенін байқаса, ол олардың шешімін жоюға құқылы.	
	Ол тіпті өз жұмысын тиісінше орындамай жатқан төрешілер алқасының мүшесін ауыстыра алады.	
23.2.2	Ол сондай-ақ доп берушілер мен еден жуушылардың жұмысын бақылайды.	3.3
23.2.3	Оның ойынға қатысты кез келген мәселені, соның ішінде ережеде қарастырылмаған жағдайларды да шешуге құқығы бар.	
		20.1.2
23.2.4	Ол өз шешімдеріне қатысты қандай да бір талқылауға жол бермейді.	

Дегенмен ойын капитанының өтініші бойынша, бірінші төреші езі қабылдаған шешімге негіз болған ережелердің қолданылуы не түсіндірілуі туралы түсініктеме береді.

5.1.2.1

Ойын капитаны бұл түсініктемемен келіспесе және осындай шешімге қарсы наразылық білдіруді жөн көрсе, ол матч аяқталғаннан кейін бұл наразылықты тіркеу құқығын дереу сақтап қалуға тиіс. Бірінші төреші ойын капитанының бұл құқығына рұқсат беруі керек.

5.1.2.1,
5.1.3.2,
25.2.3.2

23.2.5 Бірінші төреші матч алдында және матч кезінде ойын алаңының, жабдықтардың, жағдайлардың ойын талаптарына сәйкестігін анықтауға жауапты.

Chapter 1,
23.3.1.1

23.3 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

23.3.1 Матч басталғанға дейін бірінші төреші:

23.3.1.1 Ойын алаңының жай-күйін, доптарды, басқа да жабдықтарды тексереді;

Chapter 1,
23.2.5

23.3.1.2 команда капитандарымен жеребе тастауды өткізеді;

7.1

23.3.1.3 командалардың қыздырынуын бақылайды.

7.2

23.3.2 Матч кезінде ол мыналарға өкілетті:

23.3.2.1 командаларға ескерту жасауға;

21.1

23.3.2.2 тәртіп бұзғанға және ойынды кідіргенге шара қолдануға;

16.2, 21.2, D9,
D11 (6a, 6b, 7,
8, 25)

23.3.2.3 мынадай жағдайлар бойынша шешім қабылдауға:

а) допты ойынға қосушының қатесі мен доп беруші команданың позициялық қатесі, соның ішінде «тасалау» жағдайы;

7.5, 12.4, 12.5,
12.7.1, D4, D6,
D11 (12, 13, 22)

ә) доппен ойнау кезіндегі қате;

9.3,
D11 (16, 17, 18)

б) тордың үстіндегі қате және ойыншының торға қате тиіп кетуі — негізінен (бірақ сол ғана емес) шабуылдаушы жағында;

11.3.1, 11.4.1,
11.4.4,
D11 (20)

в) либеро мен артқы желі ойыншыларының шабуыл соққысы кезіндегі қателері;

13.3.3, 13.3.5,
24.3.2.4, D8,
D11 (21)

г) өз командасының алдыңғы аймағында тұрған либероның саусақпен жоғарыдан берген пасынан кейін, доп тордың жиегінен жоғары болған сәтте жасалған шабуыл соққылары;

1.4.1, 13.3.6,
24.3.2.4,
D11 (21)

д) доптың тор астындағы бос кеңістіктен толықтай өтуі;

8.4.5, 24.3.2.7,
D5a, D11 (22)

	е) артқы сызық ойыншыларының аяқталған тойтаруы не либероның тойтаруға әрекет жасауы.	14.6.2, 14.6.6, D11 (12)
	ё) доптың қарсылас алаңына өту кеңістігінен толықтай не ішінара тыс жерден өтуі не төреші тұрған жақтағы антеннаға тиюі.	D11 (15)
	д) ойынға қосылған доптың, сондай-ақ команданың 2-ші және 3-ші соққысынан кейінгі доптың төреші тұрған жақтағы антеннаның үстінен не одан тыс жерден өтуі.	D11 (15)
23.3.3	Матч аяқталғаннан кейін ол хатшы парағын тексереді және оған қол қояды.	24.3.3, 25.2.3.3
24	ЕКІНШІ ТӨРЕШІ	
24.1	ОРНАЛАСУЫ	
	Екінші төреші өз жұмысын ойын алаңының сыртында, бағанның жанында, бірінші төрешіге қарама-қарсы бетпе-бет тұрып орындайды.	D1a, D1b, D10
24.2	ӨКІЛЕТТІЛІГІ	
24.2.1	Екінші төреші — бірінші төрешінің көмекшісі, бірақ оның өз өкілеттілік шеңбері де бар. Бірінші төреші өз жұмысын жалғастыра алмаса, екінші төреші оны алмастыра алады.	24.3
24.2.2	Ол өз өкілеттілігіне жатпайтын қате туралы да ысқырықсыз белгі бере алады, бірақ бұл шешімді бірінші төрешіге міндеттей алмайды.	24.3
24.2.3	Ол хатшының (не хатшылардың) жұмысын қадағалайды.	25.2, 28.2
24.2.4	Ол команда орындығындағы команда мүшелерін қадағалайды және олардың тәртіп бұзушылықтары туралы бірінші төрешіге хабарлайды.	4.2.1
24.2.5	Ол қыздырыну аймағындағы ойыншыларды бақылайды.	4.2.3
24.2.6	Ол ойынның тұрақты үзілістеріне рұқсат береді, олардың ұзақтығын бақылайды және орынсыз өтініштерді қабылдамайды.	15, 15.11, 25.2.2.3
24.2.7	Ол әр команданың қолданған тайм-ауттары мен ауыстыруларының санын бақылайды және 2-ші тайм-аут пен 5-ші және 6-шы ауыстыру туралы бірінші төрешіге және тиісті бапкерге хабарлайды.	15.1, 25.2.2.3
24.2.8	Ойыншы жарақат алған жағдайда, ол ерекше жағдайдағы ауыстыруға рұқсат береді не қалпына келуге 3 минут уақыт береді	15.7, 17.1.2
24.2.9	Ол еденнің жағдайын, негізінен алдыңғы аймақты тексереді. Сондай-ақ матч кезінде доптардың ереже талаптарына сай екенін қадағалайды.	1.2.1, 3
24.2.10	FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда 24.2.5 тармағында көрсетілген міндеттерді Қосалқы төреші орындайды.	26.2.6

24.3 ӨКІЛЕТТІЛІГІ		
24.3.1	Өр кезеңнің басында, шешуші кезеңдегі алаң ауыстыру кезінде және қажет болған жағдайда, екінші төреші алаңдағы ойыншылардың нақты орналасуының тізімдеме парағындағы деректерге сәйкестігін тексереді.	5.2.3.1, 7.3.2, 7.3.5, 18.2.2
24.3.2	Матч кезінде ол келесі жағдайларды анықтайды, ысқырық береді және белгі көрсетеді:	
24.3.2.1	қарсылас алаңына және тор астындағы кеңістікке өтіп кету;	1.3.3, 11.2, D5a, D11 (22)
24.3.2.2	допты қабылдаушы команданың позициялық қателері;	7.5, D4, D11 (13)
24.3.2.3	ойыншының торға қате тиіп кетуі — негізінен (бірақ сол ғана емес) тойтарушы жағында және оның жағындағы антеннаға тиюі;	11.3.1
24.3.2.4	артқы сызық ойыншыларының аяқталған тойтаруы не либероның тойтаруға әрекет жасауы; сондай-ақ артқы сызық ойыншыларының не либероның шабуыл соққысындағы қатесі;	13.3.3, 14.6.2, 14.6.6, 23.3.2.3d, e, g, D8, D11 (12, 21)
24.3.2.5	доптың бөгде затқа тиюі;	8.4.2, 8.4.3, D11 (15)
24.3.2.6	бірінші төреші доптың еденге тиген сәтін көре алмайтын жағдайда, доптың еденге тиюі;	8.3
24.3.2.7	доптың қарсылас алаңына өту кеңістігінен толықтай не ішінара тыс жерден өтуі не оның жағындағы антеннаға тиюі.	8.4.3, 8.4.4, D5a, D11 (15)
24.3.2.8	Ойынға қосылған доптың, сондай-ақ команданың 2-ші және 3-ші соққысынан кейінгі доптың оның жағындағы антеннаның үстінен не одан тыс жерден өтуі.	D11 (15)
24.3.3	Матч аяқталғаннан кейін ол хатшы парағын тексереді және оған қол қояды.	23.3.3, 25.2.3.3

25 БЕЙНЕ БАҚЫЛАУ ТӨРЕШІСІ

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда, бейне қайталау жүйесі қолданылса, Бейне бақылау төрешісінің болуы міндетті.

25.1 ОРНАЛАСУЫ

Бейне бақылау төрешісі өз жұмысын FIVB Техникалық делегаты анықтаған бөлек орында орналасқан бейне бақылау кабинасында орындайды.

25.2 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ

25.2.1 Ол бейне қайталау процесін қадағалайды және оның қолданыстағы ережелерге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді.

- 25.2.2 Бейне бақылау төрешісі өз жұмысын орындау кезінде ресми төреші киімін киюге тиіс.
- 25.2.3 Бейне көрілгеннен аяқталғаннан кейін ол бірінші төрешіге қатенің сипаты туралы хабарлайды.
- 25.2.4 Матч аяқталғаннан кейін ол хатшы парағына қол қояды.

26 ҚОСАЛҚЫ ТӨРЕШІ

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда Қосалқы төрешінің болуы міндетті.

26.1 ОРНАЛАСУЫ

Қосалқы төреші өз жұмысын FIVB алаңының жоспарында белгіленген бөлек орында орналасып орындайды.

26.2 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Қосалқы төреші келесілерге міндетті:

- 26.2.1 өз жұмысын орындау кезінде ресми төреші киімін киюге;
- 26.2.2 екінші төреші келмеген жағдайда не ол өз жұмысын жалғастыра алмаса, сондай-ақ екінші төреші бірінші төрешінің орнына ауысқан жағдайда оны ауыстыруға;
- 26.2.3 матч алдында және кезеңдер арасында ауыстыру тақтайшаларын (олар қолданылса) бақылауға;
- 26.2.4 ақаулық туындаса, матч алдында және кезеңдер арасында қосалқы құрам орындығындағы планшеттердің жұмысын тексеруге;
- 26.2.5 Еркін аймақтың бос болуын қадағалауда екінші төрешіге көмектесуге; 1.1
- 26.2.6 Ойыннан шығарылған/шеттетілген команда мүшесіне киім ауыстыру бөлмесіне баруды нұсқау кезінде екінші төрешіге көмектесуге; 21.3.2.1,
21.3.3.1
- 26.2.7 Қыздырыну аймағындағы және қосалқы құрам орындығындағы ойыншыларды бақылауға; 1.4.5, 24.2.5,
24.2.10
- 26.2.8 Бастапқы құрам ойыншылары таныстырылғаннан кейін дереу екінші төрешіге төрт ойын добын әкелуге және екінші төреші ойыншылардың алаңдағы орналасуын тексеріп болған соң оған ойын добын беруге; 24.3.1
- 26.2.9 Еден жуушылардың жұмысын бағыттауда бірінші төрешіге көмектесуге. 23.2.2

27	ХАТШЫ	
27.1	ОРНАЛАСУЫ	
	Хатшы өз жұмысын алаңның қарама-қарсы жағында, бірінші төрешіге бетпе-бет қарап, хатшы үстелінде отырып орындайды.	D1a, D1b, D10
27.2	ЖАУАПКЕРШІЛІГІ	
	Ол екінші төрешімен тығыз байланыста жұмыс істей отырып, хатшы парағын ережелерге сәйкес толтырады.	
	Өз міндеттері аясында ол заңсыздықтарды не төрешілерге арналған белгілерді беру үшін дыбыс белгісін не басқа дыбыстық құрылғыны қолданады.	
27.2.1	Матч және кезең алдында хатшы:	
27.2.1.1	қолданыстағы процедураларға сәйкес матч пен командалардың деректерін, соның ішінде либеролардың есімдері мен нөмірлерін тіркейді және капитандар мен бапкерлердің қолдарын алады;	4.1, 5.1.1, 5.2.2, 7.3.2, 19.1.2, 19.4.2.6
27.2.1.2	әр команданың бастапқы құрамын тізімдеме парағынан көшіріп жазады (не электронды түрде берілген деректерді тексереді). ол бастапқы құрам парақтарын уақытында алмаса, бұл туралы дереу екінші төрешіге хабарлайды.	5.2.3.1, 7.3.2 5.2.3.1
27.2.2	Матч кезінде хатшы:	6.1
27.2.2.1	соғылған ұпайларды тіркейді;	12.2
27.2.2.2	әр команданың допты ойынға қосу кезегін бақылайды және доп соғылғаннан кейін кез келген қате туралы дереу төрешілерге белгі береді;	15.1, 15.4.1, 15.10.3.3, 24.2.6, 24.2.7
27.2.2.3	дыбыс белгісін қолданып ойыншыларды ауыстыру туралы өтінішті қабылдауға және хабарлауға өкілетті, олардың санын бақылайды, сондай-ақ ауыстыру мен тайм-ауттарды тіркеп, бұл туралы екінші төрешіге хабарлайды;	15.11
27.2.2.4	төрешілерге ойынның тұрақты үзілісіне жасалған орынсыз өтініш туралы хабарлайды;	6.2, 15.4.1, 18.2.2
27.2.2.5	төрешілерге кезеңдердің аяқталғанын және шешуші кезеңдегі 8-ші ұпайдың жиналғанын хабарлайды;	15.11.3, 16.2, 21.3
27.2.2.6	тәртіп бұзушылық туралы ескертуді, шараны, орынсыз өтінішті тіркейді;	15.7, 17.1.2, 17.2, 17.3, 19.4
27.2.2.7	екінші төрешінің нұсқауы бойынша барлық басқа оқиғаны, яғни ерекше жағдайдағы ауыстыруды, қалпына келу уақытын, ұзаққа созылған үзілісті, сыртқы кедергіні, қайта тағайындауды және т.б. тіркейді;	18.1
27.2.2.8	кезеңдер арасындағы интервалды бақылайды.	
27.2.3	Матч аяқталғаннан кейін хатшы:	

27.2.3.1	соңғы нәтижені тіркейді;	6.3
27.2.3.2	наразылық болған жағдайда, бірінші төрешінің алдын ала рұқсатымен, хатшы парағына наразылық білдірілген оқиға туралы мәлімдемені өзі жазады не команда/ойын капитанына жазуға рұқсат береді;	5.1.2.1, 5.1.3.2, 23.2.4
27.2.3.3	команда капитандарының, содан кейін төрешілердің қолын алмас бұрын хатшы парағына өзі қол қояды.	5.1.3.1, 23.3.3, 24.3.3
28	ХАТШЫНЫҢ КӨМЕКШІСІ	
28.1	ОРНАЛАСУЫ	22.1, D1a, D1b, D10
	Хатшының көмекшісі өз функцияларын хатшының қасында, хатшы үстелінде отырып орындайды.	
	FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда хатшы көмекшісінің болуы міндетті.	
28.2	ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ	19.3
	Ол либероға қатысты ауысуларды тіркейді.	
	Ол хатшы жұмысының әкімшілік міндеттеріне көмектеседі.	
	Хатшы өз жұмысын жалғастыра алмаса, хатшының көмекшісі оны ауыстырады.	
28.2.1	Матч және кезең алдында хатшының көмекшісі:	
28.2.1.1	либероны бақылау парағын дайындайды;	
28.2.1.2	қосалқы хатшы парағын дайындайды.	
28.2.2	Матч кезінде хатшының көмекшісі:	
28.2.2.1	либероның ауысуы/қайта тағайындалуы туралы мәліметті тіркейді;	19.3.1.1, 19.4
28.2.2.2	либероның ауысуындағы кез келген қате туралы дыбыс белгісін қолдану арқылы төрешілерге хабарлайды;	19.3.2
28.2.2.3	хатшы үстеліндегі қолмен басқарылатын таблоны жүргізеді;	
28.2.2.4	таблolarдағы көрсеткіштердің сәйкестігін тексереді;	27.2.2.1
28.2.2.5	қажет болған жағдайда қосалқы хатшы парағын жаңартып, оны хатшыға береді.	27.2.1.1
28.2.3	Матч аяқталғаннан кейін хатшының көмекшісі:	
28.2.3.1	либероның бақылау парағына қол қояды және оны тексеруге өткізеді;	

28.2.3.2 хатшы парағына қол қояды.

Электронды хатшы парағы қолданылатын FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда хатшының көмекшісі хатшымен бірлесе отырып, ойыншы ауысқаны туралы хабарлайды, екінші төрешіге үзіліс сұраған команданы көрсетеді және либероның ауысуын анықтайды.

29 СЫЗЫҚ БОЙЫНДАҒЫ ТӨРЕШІ

29.1 ОРНАЛАСУЫ

Тек екі сызық бойындағы төреші қолданылса, олар әр төрешінің оң қолына жақын орналасқан алаң бұрыштарында, бұрыштан диагональ бойынша 1-ден 2 метрге дейінгі қашықтықта тұрады.

Олардың әрқайсысы өз жағындағы соңғы сызықты да, бүйірлік сызықты да бақылайды.

FIVB, әлемдік, ресми жарыстарда, төрт сызық бойындағы төреші қолданылса, олар еркін аймақта әр бұрыштан 1-ден 3 метрге дейінгі қашықтықта, өздері бақылайтын сызықтың ойша созылған бөлігінде тұрады.

D1a, D1b, D10

D10

29.2 ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

29.2.1 Сызық бойындағы төрешілер өз жұмысын жалаушаларды (40 x 40 см) қолдану арқылы келесі белгілерді беру үшін орындайды:

D12

29.2.1.1 доп өздері бақылайтын сызық(тар)дың жанына түскен кездегі «алаң ішінде» және «алаң сыртында» белгілері;

8.3, 8.4,
D12 (1, 2)

29.2.1.2 допты қабылдаушы команданың «алаң сыртына» кеткен допқа тиіп кетуі;

8.4, D12 (3)

29.2.1.3 доптың антеннаға тиюі, допты ойынға қосу, сондай-ақ команданың 2-ші және 3-ші соққысынан кейін доптың тордан өту кеңістігінен тыс жерден өтуі және т.б.;

8.4.3, 8.4.4,
10.1.1, D5a,
D12 (4)

29.2.1.4 допты ойынға қосу соққысы сәтінде кез келген ойыншының (допты ойынға қосушыдан басқа) өз алаңының сызығынан тыс жерге шығып кетуі;

7.4, 12.4.3,
D12 (4)

12.4.3

29.2.1.5 допты ойынға қосушының аяқпен жасайтын қателері;

11.3.1, 11.4.4,
D3, D12 (4)

29.2.1.6 кез келген ойыншының доппен ойнау әрекеті не ойынға кедергі жасау кезінде өз жағындағы антеннаның жоғарғы 80 см кез келген түрде тиіп кетуі;

10.1.1, D5a,
D12 (4)

29.2.1.7 доптың қарсылас алаңына өту кеңістігінен тыс жерден өтуі не оның жағындағы антеннаға тиюі.

29.2.2 Бірінші төрешінің өтініші бойынша сызық бойындағы төреші өз белгісін қайталауға міндетті.

Төрешілер өздері берген ысқырықтың себебін (ысқырық берілген қатенің сипатын не рұқсат етілген үзілістің мақсатын) ресми қол ишарасымен көрсетуге тиіс. Белгі бір сәтке ұсталып тұруы керек және ол бір қолмен көрсетілсе, сол қол қате жіберген не өтініш білдірген команда жағында болуға тиіс.

Сызықтағы төрешілер анықталған қатенің сипатын ресми жалауша ишарасымен көрсетуге және сол ишараны бір сәт бойы ұстап тұруға тиіс.







2-БӨЛІМ
3-БӨЛІК:
СЫЗБАЛАР




4-СЫЗБА: ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ

Тиісті ережелер: 7.4, 7.4.3, 7.5, 23.3.2.3а, 24.3.2.2


А мысалы:

Алдыңғы шеп ойыншысы мен оған сәйкес артқы шеп ойыншысы арасындағы позицияларды анықтау




В мысалы:

Бір шептегі ойыншылар арасындағы позицияларды анықтау



C (C) = Ортаңғы ойыншы
 R (D) = Оң қапталдағы ойыншы
 L (G) = Сол қапталдағы ойыншы


Тиісті ережелер: 2.4, 8.4.3, 8.4.4, 8.4.5, 10.1.1, 10.1.2.3, 10.1.3, 24.3.2.7, 29.2.1.3, 29.2.1.7



⊗ = Қате


○ = Дұрыс өту

Тиісті ережелер: 10.1.2, 10.1.2.2, 24.3.2.7




6-СЫЗБА: ТОП БОЛЫП ҚАЛҚАЛАУ

Тиісті ережелер: 12.5, 12.5.2, 23.3.2.3а



7-СЫЗБА: ТОЛЫҚ ЖАСАЛҒАН ТОЙТАРЫС

Тиісті ережелер: 14.1.3



Доп тор деңгейінен жоғары



Доп тордың жоғарғы жиегінен төмен

Доп торға тиді

Доп тордан секіріп қайтты

8-СЫЗБА: АРТҚЫ ШЕП ОЙЫНШЫСЫНЫҢ ШАБУЫЛЫ

Тиісті ережелер: 13.2.2, 13.2.3, 23.3.2.3d, 24.3.2.4



9-СЫЗБА: ЕСКЕРТУЛЕР МЕН ШАРАЛАР ШКАЛАСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САЛДАРЫ

Тиісті ережелер: 16.2, 21.3, 21.4.2

9а-СЫЗБА: ТӨРТИП БҰЗУШЫЛЫҚТАР МЕН ШАРАЛАР


САНАТТАР	ҚАЙТАЛАНУЫ	КІНӘЛІ ТҰЛҒА	ШАРА	ҚАҒАЗДАР	САЛДАРЫ
КІШІГІРІМ ТӨРТИП БҰЗУШЫЛЫҚ	1-кезең	Кез келген мүше	Шара болып саналмайды	Ешқандай	Тек алдын алу
	2-кезең			Сары	
	Кез келген уақытта қайталануы		Айып добы	Төмендегідей	Төмендегідей
ӘДЕПСІЗ ТӨРТИП	Бірінші	Кез келген мүше	Айып добы	Қызыл	Қарсыласқа ұпай және доп беріс беру
	Екінші	Сол мүше	Алаңнан қуу	Қызыл + Сары бірге	Команда мүшесі кезеңнің қалған уақытына команданың киім ауыстыратын бөлмесіне кетуге тиіс
	Үшінші	Сол мүше	Шеттету	Қызыл + Сары бөлек	Команда мүшесі матчтың қалған уақытына команданың киім ауыстыратын бөлмесіне кетуге тиіс
ҚОРЛАУШЫ ТӨРТИП	Бірінші	Кез келген мүше	Алаңнан қуу	Қызыл + Сары бірге	Команда мүшесі кезеңнің қалған уақытына команданың киім ауыстыратын бөлмесіне кетуге тиіс
	Екінші	Сол мүше	Шеттету	Қызыл + Сары бөлек	Команда мүшесі матчтың қалған уақытына команданың киім ауыстыратын бөлмесіне кетуге тиіс
ОЗБЫРЛЫҚ	Бірінші	Кез келген мүше	Шеттету	Қызыл + Сары бөлек	Команда мүшесі матчтың қалған уақытына команданың киім ауыстыратын бөлмесіне кетуге тиіс

9б-СЫЗБА: КІДІРІС ЕСКЕРТУ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ШАРАЛАР

САНАТТАР	ҚАЙТАЛАНУЫ	КІНӘЛІ ТҰЛҒА	АЛДЫН АЛУ не ШАРА	ҚАҒАЗДАР	САЛДАРЫ
КІДІРУ	Бірінші	Команданың кез келген мүшесі	Кідіру туралы ескерту	Сары қағазбен бірге көрсетілген №25 қол ишарасы	Алдын алу – айып добынсыз
	Екінші және кейінгі жағдайлар	Команданың кез келген мүшесі	Кідіру туралы ескерту	Қызыл қағазбен бірге көрсетілген №25 қол ишарасы	Қарсыласқа ұпай және доп беріс беру

10-СЫЗБА: ТӨРЕШІЛЕР АЛҚАСЫ МЕН ОЛАРДЫҢ КӨМЕКШІЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСУЫ

Тиісті ережелер: 3.3, 23.1, 24.1, 27.1, 28.1, 29.1



- R1 = Бірінші төреші
- ◆ R2 = Екінші төреші
- S/AS = Хатшы/Хатшының көмекшісі
- ▶ = Сызық бойындағы төрешілер (№1-4 не №1-2)
- ④ = Доп жинаушылар (№ 1-6)
- ┌ = Еден жуушылар

11-СЫЗБА: ТӨРЕШІЛЕРДІҢ РЕСМИ ҚОЛ ИШАРАЛАРЫ


Шартты белгілер: **FS** Төрешілердің міндеттеріне сәйкес белгілерді көрсету тәртібі:
F **S** Ерекше жағдайларда белгі беретін төрешілер

1 ДОП БЕРІСКЕ РҰҚСАТ

Тиісті ережелер: 12.3, 22.2.1.1

Допты ойынға қосу бағытын көрсету үшін қолды қозғалту

F




2 ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСАТЫН КОМАНДА

Тиісті ережелер: 22.2.3.1, 22.2.3.2, 22.2.3.4

Допты ойынға қосатын команда жағына қарай қолды созу

FS




3 АЛАҢДЫ АУЫСТЫРУ

Тиісті ережелер: 18.2

Екі білекті алға-артқа көтеріп, оларды дене айналасында айналдыру

F




4 ТАЙМ-АУТ

Тиісті ережелер: 15.4.1

Бір қолдың алақанын екінші қолдың тігінен ұсталған саусақтарының үстіне қойып (Т әрпін құрау), содан кейін үзіліс сұраған команда жақты көрсету

F **S**



5 ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ

Тиісті ережелер: 15.5.1, 15.5.2, 15.8

Екі білекті бірінің айналасында бірін айналдыру




F S

6a ТӨРТИП БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Тиісті ережелер: 21.1, 21.6, 23.3.2.2

Ескерту үшін сары қағаз көрсету




F

6b ТӨРТИП БҰЗУ ЖАЗАСЫ

Тиісті ережелер: 21.3.1, 21.6, 23.3.2.2

Жазалау үшін қызыл қағаз көрсету




F

7 АЛАҢНАН ҚУУ

Тиісті ережелер: 21.3.2, 21.6, 23.3.2.2

Алаңнан қуу үшін екі қағазды бірге көрсету




F

8 ШЕТТЕТУ

Тиісті ережелер: 21.3.3, 21.6, 23.3.2.2

Шеттету үшін қызыл және сары қағазды бөлек көрсету



F

9 КЕЗЕҢНІҢ НЕ ОЙЫННЫҢ АЯҚТАЛУЫ

Тиісті ережелер: 6.2, 6.3

Екі білекті кеуде алдында айқастыру, алақанды ашық ұстау




F (S)

10 ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСУ КЕЗІНДЕ ТАСТАМАУ НЕМЕСЕ ЖІБЕРМЕУ

Тиісті ережелер: 12.4.1

Созылған қолды көтеру, алақанды жоғары қарату




F

11 ДОП БЕРІСТІ КЕШКІТІРУ

Тиісті ережелер: 12.4.4

Сегіз саусақты жайып көтеру




F

12 ТОЙТАРУДАҒЫ ҚАТЕ НЕ ТОСҚАУЫЛ

Тиісті ережелер: 12.5, 12.6.2.3, 14.6.3, 19.3.1.3, 23.3.2.3а, g, 24.3.2.4

Екі қолды тігінен жоғары көтеру, алақанды алға қарату



FS

13 ПОЗИЦИЯДАҒЫ НЕ РОТАЦИЯДАҒЫ ҚАТЕ

Тиісті ережелер: 7.5, 7.7, 23.3.2.3а, 24.3.2.2

Сұқ саусақпен шеңбер бойымен айналмалы қозғалыс жасау




FS

14 ДОП ОЙЫНДА

Тиісті ережелер: 8.3

Қолды және саусақты еденге қарай бағыттау




F (S)

15 ДОП АЛАҢНАН ТЫС

Тиісті ережелер: 8.4.1, 8.4.2, 8.4.3, 8.4.4, 24.3.2.5, 24.3.2.7, 24.3.2.8

Екі білекті тігінен көтеру, алақанды ашық ұстап, денеге қарай қарату



FS

16 ДОПТЫ ҰСТАП ҚАЛУ

Тиісті ережелер: 9.2.2, 9.3.3, 23.3.2.3b

Білекті ақырын жоғары көтеру, алақанды жоғары қарату




F

17 ЕКІ МӘРТЕ ТИЮ

Тиісті ережелер: 9.3.4, 23.3.2.3b

Екі саусақты жайып көтеру




F

18 ТӨРТ РЕТ ТИЮ

Тиісті ережелер: 9.3.1, 23.3.2.3b

Төрт саусақты жайып көтеру




F

19 ОЙЫНШЫНЫҢ ТОРҒА ТИЮІ – ДОПТЫ ОЙЫНҒА ҚОСҚАНДА ДОП АНТЕННАЛАР АРАСЫНДА ТОРҒА ТИІП, ОНЫҢ ТІК ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ӨТПЕЙ ҚАЛУЫ

Тиісті ережелер: 11.4.4, 12.6.2.1

Тиісті қолмен тордың тиісті жағын көрсету




FS

20 ТОР ЖАЗЫҚТЫҒЫНАН ШЫҒУ

Тиісті ережелер: 11.4.1, 13.3.1, 14.3, 14.6.1, 23.3.2.3с

Қолды тордың үстіне қою, алақанды төмен қарату



F

21 ШАБУЫЛ СОҒҚЫСЫ КЕЗІНДЕП ҚАТЕ

Тиісті ережелер:

– Артқы желі ойыншысының, либероның не қарсыластың доп берісіне жасалған шабуыл: 13.3.3, 13.3.4, 13.3.5, 23.3.2.3d, e, 24.3.2.4

– либероның өзінің алдыңғы аймағында не оның жалғасында саусақпен жоғарыдан берген пасынан кейінгі шабуыл: 13.3.6

Білекпен төмен қарай қозғалыс жасау, алақан ашық



FS

22 ҚАРСЫЛАС АЛАҒЫНА ӨТУ, ДОПТЫҢ ТӨМЕНГІ КЕҢІСТІКТЕН ӨТУІ НЕ ДОП БЕРІС ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ АЛАҒА (СОҒҒЫ СЫЗЫҚҚА) ТИЮІ НЕ СЕРВИС ДОП БЕРІС СӘТІНДЕ ОЙЫНШЫНЫҢ ӨЗ АЛАҒЫНЫҢ СЫРТЫНА ШЫҒУЫ

Тиісті ережелер: 8.4.5, 11.2.2, 12.4.3, 23.3.2.3а, f, 24.3.2.1

Орталық сызықты не тиісті сызықты көрсету



FS

23 ҚОСАРЛАНҒАН ҚАТЕ ЖӘНЕ ОЙЫНДЫ ҚАЙТАЛАУ

Тиісті ережелер: 6.1.2.2, 17.2, 22.2.3.4

Екі бас бармақты тігінен жоғары көтеру



F

24 ДОПҚА ТИЮ

Тиісті ережелер: 23.3.2.3b, 24.2.2

Бір қолдың алақанымен екінші қолдың тігінен ұсталған саусақтарын сипап өту



F

25 КІДІРІС ЕСКЕРТУІ / КІДІРІС АЙЫП ДОБЫ

Тиісті ережелер: 15.11.3, 16.2.2, 16.2.3, 23.3.2.2

Білекті сары қағазбен (ескерту) не қызыл қағазбен (айып добы) жабу



F




12-СЫЗБА: СЫЗЫҚ БОЙЫНДАҒЫ ТӨРЕШІЛЕРДІҢ РЕСМИ ЖАЛАУША ИШАРАЛАРЫ

1 ДОП АЛАҢДА

Тиісті ережелер: 8.3, 29.2.1.1

Жалаушамен төмен қарай нұсқау




L

2 ДОП АЛАҢНАН ТЫС

Тиісті ережелер: 8.4.1, 29.2.1.1

Жалаушаны тігінен жоғары көтеру



L

3 ДОПҚА ТИЮ

Тиісті ереже: 29.2.1.2

Жалаушаны көтеріп, оның ұшын бос қолдың алақанымен тұрту




L

4 ӨТУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ҚАТЕ, ДОПТЫҢ БӨГДЕ ЗАТҚА ТИЮИ НЕ ДОП БЕРІС КЕЗІНДЕГІ КЕЗ КЕЛГЕН ОЙЫНШЫНЫҢ СЫЗЫҚТЫ БАСУЫ

Тиісті ережелер: 8.4.2, 8.4.3, 8.4.4, 12.4.3, 29.2.1.3, 29.2.1.4, 29.2.1.6, 29.2.1.7

Жалаушаны бастан жоғары бұлғап, антеннаны не тиісті сызықты көрсету



L


5 ШЕШІМ ШЫҒАРУ МҮМКІН ЕМЕС

Екі қолды кеуде тұсында айқастырып көтеру



L





3-БӨЛІМ АНЫҚТАМАЛАР

ЖАРЫС/ БАҚЫЛАУ АЙМАҒЫ

Жарыс не бақылау аймағы — бұл ойын алаңы мен еркін аймақтың айналасындағы дәліз. Ол сыртқы бөгеттерге не шектеу қоршауына дейінгі барлық кеңістікті қамтиды. 1а-сызбасын/суретіне қараңыз.

АЙМАҚТАР

Бұл — ереже мәтнінде белгілі бір мақсаттарға (не арнайы шектеулермен) анықталған ойын аймағының (яғни ойын алаңы мен еркін аймақтың) ішіндегі бөліктер. Оларға мыналар жатады: Алдыңғы аймақ, Доп беріс аймағы, Ойыншы ауыстыру аймағы, Еркін аймақ, Артқы аймақ, Либероны ауыстыру аймағы.

ОРЫНДАР

Бұл — ережелерде белгілі бір функцияға ие деп көрсетілген, еркін аймақтың СЫРТЫНДАҒЫ еден бөліктері. Оларға мыналар жатады: қыздырыну орны.

ТӨМЕНГІ КЕҢІСТІК

Бұл — жоғарғы жағынан тордың төменгі жиегімен және оны бағаналарға жалғайтын арқанмен, бүйірлерінен бағаналармен, ал төменгі жағынан ойын бетімен (еденмен) шектелген кеңістік.

ӨТУ КЕҢІСТІГІ

Өту кеңістігі келесілермен анықталады:

- Тордың жоғарғы жағындағы көлденең жолақпен
- Антенналармен және олардың ойша жалғасымен
- Төбемен

Доп қарсылас АЛАҢЫНА дәл осы өту кеңістігі арқылы өтуге тиіс.

СЫРТҚЫ КЕҢІСТІК

Сыртқы кеңістік — бұл тордың вертикалды жазықтығындағы өту және төменгі кеңістіктерден тыс орналасқан аймақ.

АУЫСУ АЙМАҒЫ

Бұл — еркін аймақтың ойыншыларды ауыстыратын бөлігі.

FIVB КЕЛІСІМІ БОЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА

Бұл тұжырым жабдықтар мен нысандардың стандарттары мен сипаттамаларына қатысты ережелер болғанымен, FIVB волейбол ойынын насихаттау не жаңа жағдайларды сынақтан өткізу мақсатында арнайы келісім жасай алатын жағдайлардың болатынын мойындайды.

FIVB СТАНДАРТТАРЫ

Жабдық өндірушілеріне FIVB-ден белгіленген техникалық сипаттамалар не шектеулер.

ҚАТЕ

- a) Ережелерге қайшы келетін ойын әрекеті.
- b) Ойын әрекетінен тыс ережені бұзу.

ДОПТЫ ЖЕРГЕ СОҒУ

Допты жерге ұру — бұл допты еденге соғу (әдетте допты лақтыру мен доп беріс орындауға дайындық ретінде). Басқа дайындық әрекеттеріне (басқалармен қатар) допты бір қолдан екінші қолға ауыстыру жата алады.

ДОП БЕРУШІЛЕР ЖӘНЕ ЕДЕН ЖУУШЫЛАР

Бұл — ұпайлар арасында доп беріс орындаушысыныа домалатып беріп ойынның қарқынын сақтауға жауапты қызметкерлер.

Еден жуушы — қажет болған жағдайда, әр ұпай сараланғаннан кейін кішкентай сүлгіні пайдаланып, еденнің тазалығы мен құрғақтығын қадағалайтын қызметкер.

RALLY POINT

Бұл — әр доп ойнату аяқталған сайын ұпай беру жүйесі.

ИНТЕРВАЛ

Кезеңдер арасындағы уақыт. 5-ші (шешуші) кезеңдегі алаңдарды ауыстыру интервал болып есептелмейді.

ҚАЙТА ТАҒАЙЫНДАУ

Бұл — ойынды жалғастыра алмайтын не командадан «ойнауға қабілетсіз» деп жарияланған либероның рөлін басқа кез келген ойыншының (тұрақты ауыстырушы ойыншыдан басқа) иеленуі. Ол ойыншы қайта тағайындау сәтінде алаңда болмауға тиіс.

АУЫСТЫРУ

Бұл — негізгі ойыншының алаңнан шығып, оның орнына кез келген либероның (олардың саны біреуден көп болса) кіру әрекеті. Ол тіпті бір либероны екінші либеромен ауыстыруды да қамтуы мүмкін. Кейін негізгі ойыншы кез келген либероны қайта алмастыра алады. Кез келген либеро қатысқан ауыстырулар арасында толық аяқталған бір доп ойнату болуға тиіс.

КЕДЕРГІ КЕЛТІРУ

Қарсылас командаға қарсы артықшылық туғызатын кез келген әрекет не қарсыластың доппен ойнауына кедергі болатын кез келген іс-қимыл.

O-2bis

Ойыншылар мен команда шенеуніктерін тіркейтін ресми FIVB формасы. Ол алдын ала сұрау кезінде ұсынылуға тиіс.

СЫРТҚЫ БӨГДЕ ЗАТТАР

Ойын алаңының сыртында не еркін аймақтың шекарасына жақын орналасқан, доптың ұшу траекториясына кедергі келтіретін нысан не адам. Мысалы, төбедегі шамдар, төрешінің орындығы, теледидар жабдықтары, хатшының үстелі, тор бағаналары. Сыртқы бөгде заттарға антенналар жатпайды, өйткені олар тордың бір бөлігі болып саналады.

ОЙЫНШЫ АУЫСТЫРУ

Бұл — бір негізгі ойыншының алаңнан шығып, оның орнына басқа негізгі ойыншының келу әрекеті.

КОМАНДАНЫҢ БІРІНШІ ТИЮІ

Ойын әрекеті команданың бірінші тиюі болып есептелетін төрт жағдай бар:

- доп берісті қабылдау
- қарсылас команданың шабуылын қабылдау
- тойтарғаннан қайтқан допты ойнату
- қарсыластың тойтаруынан қайтқан допты ойнату

ХАТТАМА

Матч басталғанға дейінгі оқиғалар тізбегі, соның ішінде жеребе тастау, қыздырыну, командалар мен төрешілерді таныстыру. Бұл шаралар Арнайы жарыс нұсқаулығында сипатталған.

FIVB™



fivb.com

